

**ҚҚС-тің МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ НЕДЕ?**

5-БЕТ | САРАПТАМА



**ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН УКРАИНА**

6-БЕТ | ШАРТАРАП



**МЕДИЦИНА: ҚАРЖЫ МОЛ, ТИІМДІЛІК КЕМ**

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Қазаққа зор кеуде аксүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар.*

**Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ**

№23 (4767)
Бейсенбі
27 ақпан
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

## 1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Биыл Астанада 1 наурыз – Алғыс айту күнін мерекелеу тағы бір маңызды оқиғамен – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралардың басталуымен есте қалмақ. Мерейлі датаға орай Астанада түрлі спорттық, мәдени және танымдық іс-шаралар өтеді, деп хабарлады қала әкімдігінің ресми сайты.

**27 АҚПАНДА** Amanat партиясы мен астаналық ҚХА ерікті жастар ұйымдары дәстүр бойынша қарт кісілерге көмек көрсетіп, аулаларының қарын күрейді.

**27 АҚПАНДА** Қарттар үйінде ҚХА-ның дәстүрлі қайырымдылық акциясы өтеді. Жұртшылық үшін концерт ұйымдастырылып, этномәдени бірлестіктердің ұлттық тағамдарынан дәм татады. Сондай-ақ №43 мектепте әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған «Бірлік пен ынтымақтастыққа – 30 жыл» атты қайырымдылық акциясы өтеді.

**28 АҚПАНДА** қала мектептерінде «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» тақырыптық сынып сағаттары өтеді. Наурыз бойы мектептерде ардагерлермен және ҚХА белсенділерімен кездесулер, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады.

**1 НАУРЫЗДА** елордадағы салтанатты шаралар маңызды оқиғадан басталады: Достық үйінде ҚХА мерейтойына арналған «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 30 жыл» мемориалдық тақтасының ашылу салтанаты болады. Бұл шара ҚХА-ның 30 жылдығына арналған жылдың ресми бастамасы болмақ. Одан кейін іс-шараға қатысушылар «Қазақ еліне мың алғыс» монументіне барады, онда салтанатты түрде гүл шоқтарын қою рәсімі өтеді.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде түрлі этностардың жастардың құттықтаулары бар видео-челлендж бастау алады. Тағы бір маңызды іс-шара – халықтың мұқтаж топтарын қолдауға бағытталған «Қайырымдылық керуені» акциясының басталады.

**1 НАУРЫЗДА** Достық үйінде шығармашылық топтардың қатысуымен мерекелік концерт өтеді. Балаларға мерекелік дастарқан ұйымдастырылады.



БҮГІНДЕ ЕЛОРДАДА

**1528**

АЯЛДАМА БАР. АЛ ОНЫҢ 1258-І ЖЫЛЫ ПАВИЛЬОНДАРЫМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН

4

# ЖЫЛЫ АЯЛДАМА ЖАЙЛЫ МА?

Бүгінгі таңда елордада 300-ге жуық жылы аялдама бар. Қала тұрғындары жылы аялдамалардың әлі де көптеп салынғанын қалайды. Аялдамалардың жағдайын аудан әкімдіктері мен мердігер ұйымдар ұдайы назарда ұстап, аптасына екі рет санитарлық тазалық жүргізеді.

## ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

«Жолаушылар тасымалы» компаниясы Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамы кезінде жолаушылар ағынының артуына байланысты қосымша пойыздар шығарылып, 58 мыңнан астам орын ұсынылатынын мәлім етті.

Мереке кезінде 265 қосымша тіркеме вагон қосылып, Астана қаласы маңы пойыздарының жүру жиілігі артады: Атап айтқанда, «Астана-1-Бурабай курорты» – 7, 8, 9, 10 наурыз аралығында қатынайды;

Наурыз мейрамы кезінде 432 қосымша тіркеме вагон қосылып, 20 мыңнан астам орын ұсынылады. 3 пойыз қосымша жолға шығады: Атап айтқанда, №201/202 «Астана («Нұрлы жол») – Алматы-1» – 20, 21, 23, 24 наурыз аралығы; №203/204 «Астана-1-Шымкент» – 21, 22, 24, 25 наурыз аралығы; №257/258 «Ақтөбе-Астана («Нұрлы жол»)» – 16, 18, 20, 22, 23, 25 наурыз аралығында қатынайды.

Қала маңы бағыттарында қосымша электр пойыздары іске қосылады: «Астана-1-Бурабай курорты» – 21, 22, 23, 25 наурыз аралығы; «Қарағанды-Астана-1» – 21, 22, 23, 25 наурыз аралығында қатынайды.





Астанада 1 наурыздан бастап пластикалық карталарды рәсімдеудің жаңартылған шарттары енгізіледі.

Жаңа техникалық форматтағы көлік карталарына көшірілуіне байланысты енді бастапқы шығару және қайта шығару құны 1 200 теңге болады.

Бастапқы шығарылым бұған дейін 1 000 теңге, қайта шығару 2 000 теңге болатын.

«Альтернативті нұсқа – виртуалды карталар! Оларды рәсімдеу тегін, ал жолақы төлемі QR-кодты сканерлеу арқылы жүзеге асырылады. Көп реттік толықтыруға арналған стандартты көлік картасының құны өзгеріссіз қалады – 1 000 теңге» делінген City Transportation Systems ЖШС хабарламасында.

Айта кетейік, жеңілдікті және мектеп көлік картасын Р.Қошқарбаев даңғылы, 50/1 мекенжайындағы Орталық кассадан рәсімдеуге болады.



# ПРЕМЬЕР-МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновті қабылдады. Мемлекет басшысына еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Үкімет қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде баяндалды.

Президентке экономиканы әртараптандыру мен нақты сектордағы ауқымды бағдарламаларды қолдау арқылы ынталандыруға және инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысты бұған дейін берген тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Сондай-ақ Премьер-министр жылыту маусымын өткеру, көктемгі егіс жұмыстарына және су тасқынына қарсы дайындық шаралары туралы айтты. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа бизнесті дамыту және жеке инвестиция тарту үшін басқарудың заманауи цифрлық тәсілдерін енгізу бағытындағы Үкімет жұмысы жөнінде ақпарат берілді.

Кездесу соңында Президент Премьер-министрге экономиканың қарқынды өсімін және әртараптандыруды қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Инфрақұрылымды жетілдіруге, энергетика мен коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға қатысты міндеттерді іске асыру мақсатында жүйелі шаралар қабылдаудың маңызын атап өтті.

# ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында армияны жаңғырту және әскери инфрақұрылымды жетілдіру мәселелері қаралды. Мемлекет басшысы Қарулы Күштерді одан әрі дамыту бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.



# СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ТЕРЕҢДЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Адылбек Касымалиевті қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы стратегиялық серіктестікті жан-жақты тереңдету мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Адылбек Касымалиевті Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы лауазымына тағайындалуымен құттықтап, оның Астанаға жасаған алғашқы ресми сапары бауырлас халықтар арасындағы достық пен одақтастық қатынастарды нығайту тұрғысынан айрықша маңызды екеніне назар аударды. «Қазіргі таңда қазақ-қырғыз ынтымақтастығы қарқынды дамып жатқанын ерекше атап өткім келеді. Құрметті Садыр Нургожоевич Жапаровтың Қазақстанға былтыр жасаған ресми сапары екіжақты ықпалдастығымызды жаңа деңгейге көтерді. Осы сәтті пайдаланып, құрметті Садыр Нургожоевичке жылы лебізімді жеткізуіңізді сұраймын» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, екі ел үкіметтеріне жүктелген басты міндеттердің бірі – жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың толықтай жүзеге асырылуын бақылау. Атап айтқанда, тауар айналымының көлемін ұлғайту үшін жаңа мүмкіндіктер іздеу, қазақ-қырғыз шекарасындағы Индустриалды сауда-логистикалық кешенді жедел іске қосуға ықпал ету, сондай-ақ көлік-транзит байланысы үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

Өз кезегінде Адылбек Касымалиев қырғыз делегациясына қазақ жерінде көрсетілген қонақжайлыққа ризашылығын білдіріп, Президент Садыр Жапаровтың ізгі сәлемі мен тілегін жеткізді. «Біздің Президентіміз бауырлас Қазақстанмен достық және тату көршілік қарым-қатынасты әрдайым арттыруға зор мән беріп, қолдау білдіріп келеді. Жоғары деңгейдегі кездесулерде қол жеткізілген келісімдердің арқасында Қырғызстан мен Қазақстан арасындағы саяси, сауда-экономикалық, су-энергетикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да салалардағы ынтымақтастық нығая түсті» деді Қырғызстан Үкіметінің басшысы.

Адылбек Касымалиев мемлекеттер басшылары қойған барлық міндет қазақстандық әріптестермен бірге мұқият пысықталып жатқанын айтты. Кездесуде бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру және су-энергетика саласындағы ықпалдастық мәселелеріне айрықша мән берілді.

# СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Оман Сыртқы істер министрі Бадр әл-Бусаидиді қабылдады. Президент Бадр әл-Бусаидиге ілтипат білдіре отырып, Оманды Қазақстанның сенімді әрі уақыт тезінен өткен серіктесі деп атады. Сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейіл екенін жеткізді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Оман екіжақты деңгейдегі, сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзара ықпалдастықты дамыта алады. Оған айтарлықтай әлеует бар. Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тариққа сәлемін жолдап, оны елімізге сапармен келуге шақырды. «Қазақстанның Оман мемлекетіне құрметі ерекше. Сіздің еліңізге азаматтарымыздың, соның ішінде кәсіпкерлердің, мәдениет қайраткерлерінің қызығушылығы өте жоғары. Сондықтан ынтымақтастығымызды жан-жақты және табысты ете түсу үшін оған тың серпін беру қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оман сыртқы саясат ведомствосының басшысы қонақжайлық танытқаны үшін Президентке алғыс айтып, бұл екі ел арасындағы өзара құрметтің жоғары деңгейін көрсететінін атап өтті. «Қазақстанның дамуына зор қызығушылықпен қараймыз. Еліңіз бен халқыңыздың игілігі жолында атқарып жатқан ауқымды реформаларыңыз бізді қайран қалдырады. Қазақстан экономикасының өсу қарқыны, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін еліңіздің осы аймақтағы тату көршілік байланыстарды нығайтудағы негізгі рөлі мен ықпалы таңғалдырады. Әділдік пен баршаға ортақ бейбітшілікке, қауіпсіздік пен өркендеуге бағытталған сыртқы саясаттағы ұстанымыңызды жоғары бағалаймыз» деді дипломат.



Кездесу барысында көлік-логистикалық, ауылшаруашылық, мәдени-гуманитарлық және цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық перспективасы қарастырылды. Сондай-ақ өзара байланыстарды нығайтуға септігін тигізетін екі ел арасындағы тікелей әуе қатынастарын ашу мәселесі талқыланды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бадр әл-Бусаиди өңірлік қауіпсіздікке және көпжақты ұйымдар аясындағы ықпалдастыққа қатысты өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

# ЕЛОРДАҒА ТАСҚЫННАН ҚАУІП БОЛА МА?

Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев елорда аумағында су тасқынынан қорғау іс-шараларын тексерді. Вице-премьер Аршалы ауданындағы Жібек Жолы ауылында, Целиноград ауданындағы Тайтөбе, Талапкер ауылдарында және Ақмола облысының Қосшы қаласында болды.



Жұмыс сапары барысында Қанат Бозымбаев облыс әкімі Марат Ахметжановпен бірге Есіл және Нұра өзендерінің сағасындағы бөгеттердің, су өткізу құрылыстарының, су тораптарының жай-күйін тексерді. Сондай-ақ Астана контр реттеуіші мен елорда іргесіндегі Жібек Жолы ауылымен арадағы ұзындығы 6,5 шақырымға созылған тоспа бөгеттің құрылысын қадағалады.

Вице-премьер Қосшы қаласының маңындағы Тайтөбе ауылындағы тасқыннан қорғаныс үшін тұрғызылған үйіндінің беріктігін тексерді. Іс жүзінде ауылда 7 мың адам тұрады. Мұндағы топырақ үйіндісі елді мекенді даланың еріген суынан қорғау қызметін атқарады.

Сонымен қатар Қанат Бозымбаев Нұра-Есіл өзендеріндегі Преображен су торабының жай-күйімен және Талапкер ауылы арқылы өтетін су бұру каналының жағалауларын көтеру жұмыстарымен танысты. Ақмола облысында барлығы 144 су тасқыны қаупі бар елді мекен бар. Әкімдіктің мәліметінше, алдын алу шаралары толығымен аяқталды. Осылайша, Целиноград ауданында Есіл және Нұра өзендерінің қауіпті учаскелерінде жағалауды бекіту және арнасын кеңейту жұмыстары жүргізілді. Көкшетау қаласындағы Қылшақты өзенінің бассейні бойынша түбін тереңдету шаралары атқарылды.

Облыс басшылығы бүгінгі таңда өңірде 107,4 шақырым су бұру каналдары жабдықталғанын, 38 шақырым өзен арналары тазартылғанын, ұзындығы 35 шақырымнан асатын өзендердің су тасқыны қаупі бар учаскелерінде жағалауды бекіту және түбін тереңдету жүргізілгенін баяндады. 131 шақырым бөгет нығайтылды, 21 шақырымнан астам жаңадан үйінділер тұрғызылды және 336 су өткізу құрылыстары жабдықталды.

№23 (4767) 27/02/2025 Бейсенбі

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАБЫН ТЫҢДАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден Amanat партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдады.



Тұрғындармен кездесуде қаладағы және қала маңындағы автожолдардың сапасына қатысты ұсыныстар талқыланды. Онда көлік тежелу процесін жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа технологияны енгізу жөнінде ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар мүлік иелері бірлестіктерінің қызметіне байланысты пікірталас тудырған мәселелер, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қатысу, тұрғын алаптарда емхана мен балабақша салу мәселелері және басқа да маңызды мәселелер қозғалды.

«Көпбалалы, жеті баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ананың өтінішін тыңдап, сондай-ақ елордалық жоғары оқу орындарының бірінің студентінен жастар саясатының дамуына қатысты ұсынысты қарастырдық. Барлық айтылған мәселелер бойынша тиісті органдармен жұмыс жүргізіледі» деді Табиғат Зейнұлқабден.

# ЕЛОРДА КОЛЛЕДЖДЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында елордалық колледждерді жаңғырту мәселесі туралы мәлімдеді.

Мәслихат төрағасының айтуынша, елордада 32 колледж бар, онда 38 мыңнан астам студент білім алуда. Өткен жылдың қорытындысы бойынша орта арнаулы оқу орындарын 9,9 мың түлек тәмамдап, олардың 86%-ы тұрақты жұмысқа орналасты.

«Астана қаласы мәслихатының отырысында Мемлекет басшысы жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында елордалық колледждерді жаңғырту мәселесі талқыланды. Жаңғырту жұмыстары құрылыс-техникалық, техникалық, қоғамдық тамақтану және сервис, жоғары көлік және коммуникация колледждері, «ASTANA POLYTECHNIC», технологиялық колледж, сервис және туризм колледжі секілді оқу орындарын ағымдағы жөндеуден өткізуді қамтиды. Сонымен қатар, халықаралық салалық сертификаттауды енгізу, «Дағдыларды игеру фабрикасы» (Factory of Skills Acquisition) форматы бойынша ресурстық орталықтар ашу және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын интернационализациялау жоспарланған» деп жазды Табиғат Зейнұлқабден.



# ЖОЛ ЖӨНДЕУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатында автомобиль жолдары саласындағы жөндеу жұмыстарының барысы талқыланды. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден мәлім етті.

«Өткен жылы жол-көлік инфрақұрылымын дамыту аясында жалпы ұзындығы 13 км болатын 38 нысан іске қосылды. Акт бойынша пайдалануға берілген көшелер қатарында: 24, 26, Т6, Е464, Е251, Көктал, Е103 (Ипподром), Еңбекшілер, арнайы трасса, сондай-ақ Тәуелсіздік көпірі, Алаш тас жолындағы көпір және қоршау құрылыстары бар. Биыл 43 нысанның құрылысы жоспарланып отыр, оның ішінде көліктік жолайрықтар, автомобиль жолдары және тиісті инфрақұрылым қарастырылған. Сондай-ақ ұзындығы 72 км болатын 59 көшеге орташа жөндеу жұмыстары, 26 жаңа бағдаршам нысанын орнату жоспарланған» деп жазды Астана қаласы мәслихатының төрағасы.

Жиын қорытындысы бойынша жол сапасына, жарықтандыруға ерекше назар аудару, алдағы маусымда электросамокаттар мен велосипедтерге арналған тұрақтарды реттеу, сондай-ақ апат жиі болатын орындарда және шын мәнінде қажетті жерлерде бағдаршамдар орнату бойынша нақты тапсырмалар берілді.



Астана қаласының сәулет жобалары бойынша өткен қалалық байқау құрылыс саласындағы барлық сарапшылардың басын қосты.

# МАҚСАТ – ҚОЛАЙЛЫ ҚАЛА ҚАЛЫПТАСТЫРУ



«Архихаб» – сәулет және қалалық құрылыс саласындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін құрылған пікірталас алаңы. Биылғы кездесудің тақырыбы – «Қала адамдар үшін: ыңғайлылық, экология және экономика теңгерімі». Бағдарлама аясында танымал сәулетшілер, урбанистер мен дизайнерлердің баяндамалары, сондай-ақ қаланың даму мәселелері бойынша панельдік пікірталастар өтті.

– Байқаудың негізгі мақсаты – қала ортасының дамуына әсер етуі мүмкін ең үздік сәулет жобаларын анықтап, көрсету. Оған Қазақстанның барлық қалаларынан жобалар қатыса алады. Байқау «Үздік сыртқы көрініс», «Үздік қоғамдық кеңістік» және «Үздік қоғамдық ғимарат» номинациялары бойынша 2022-2025 жылдар аралығында әзірленген жобаларды қамтыды. Бұған дейінгі кездесуде қалалық ортадағы жағдайды жақсарту бойынша жұмыс тобы құрылып, жобаны әзірлеген едік. Биыл осы пилоттық жобаны іске қосып, көшелер шынымен де ыңғайлы әрі жайлы болуы мүмкін екенін көрсетуге ниеттіміз, – деді Астана қаласының Қалалық орта тұрақтылығы орталығының директоры Аслан Кандығұлов.

Айта кету керек, байқаудың қорытындысы 2025 жылдың қазан айында шығарылатын болады. Негізгі ұйымдастырушы – қалалық құрылыс саласындағы жетекші сарапшыларды біріктіретін «Қалалық орта тұрақтылығы орталығы» қоғамдық қоры.

**АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

**Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,**
**Астана қаласы мәслихатының төрағасы**

# АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ БАСТАМАСЫ МАҢЫЗДЫ

Елордадағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдары күні қарсаңында студенттермен кездесу өтті. «Қазақстандағы азаматтық қоғам: үкіметтік емес ұйымдар рөлі мен болашағы» атты кездесу жастардың азаматтық бастамаларын қолдауға бағытталды.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Студенттерді Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың маңызы мен дамуы, сондай-ақ жастардың әлеуметтік және қоғамдық бастамаларға қатысу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру мақсатындағы жиынға бизнесті цифрлық трансформациялау бойынша сарапшысы Давид Туганов арнайы шақырылды. Креативті индустрия бағытындағы жобасын таныстырған маман өз тәжірибесімен бөлісіп, осы салада жастардың тегін оқуы бойынша мүмкіндіктері бар екенін алға тартты.

«Қазақстандық даму ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің координаторы Шыңғысхан Қожахметовтің айтуынша, елімізде 30 мыңға жуық ұйым тіркелген.

«Кез келген мемлекеттің тірегі – азаматтық қоғам. Үкіметтік емес ұйым өкілдері халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық диалогтың қалыптасуына ықпал етеді. Қоғамдық ұйымдардың араласуымен елордада бірқатар түйткілді мәселе шешімін табуда. Қайырымдылық, денсаулық сақтау, жастар саясаты және әлеуметтік осал топтағы отбасыларға көмектесу секілді бағыттар бойынша нәтижелі жұмыстар бар. Жыл сайын үкіметтік емес ұйым өкілдері ұсынған жобалар саны артып келеді. Ассоциация бастамасымен және ҮЕҰ-дар қатысуымен жалпы 40-қа жуық әлеуметтік жоба іске асты» деді Ш.Қожахметов.




# ЖЫЛЫ АЯЛДАМА ЖАЙЛЫ МА?

**Ержан ҚОЖАС**

Астанада жылы аялдамалар тұрғызыла бастағанына 10 жылға жуықтапты. 2015 жылдан бері жергілікті билік қала тұрғындары үшін, әсіресе, қыс айларына жайлы болу мақсатында олардың санын жыл сайын арттыруда. Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы берген мәліметке сүйенсек, бүгінде саны 300-ге жетеқабыл мұндай аялдаманың біреуінің құны – 10-12 млн теңге. Ал былтыр 40-тан астам жабық үлгідегі павильоны бар жылы аялдаманың құрылысы жүріпті.

Бүгінде елордада 1528 аялдама бар. Ал оның 1258-і күту павильондарымен жабдықталған.

«Вандализмге қарсы нұсқада немесе темірден құрастырылған 332 (құны 1,5-2 млн), шыны типтегі (әйнек) 631 және жылы немесе жабық типтегі 295 аялдама (құны 10-12 млн) бар. Ал аудандар бойынша жылы аялдамаларды айтсақ, бүгінге дейін Сарайшықта 29, Алматыда 40, Байқоңырда 49, Есілде 59, Нұрада 45 және Сарыарқа 73 жылы аялдама тұрғызылған. Биыл әкімдіктің жоспарлы жұмысында 5 жылы аялдаманың («Көктал» аялдамасы, «Ұлытау» аялдамасы, «Кирпичный» тұрғын алабы, «Теміржол» тұрғын алабы және «Араби» тұрғын үй кешені аялдамасы) құрылысын аяқтау көзделген. Олардың жекеленген құны – 12,5-13 млн теңге. Сонымен қатар, вандализмге төтеп беретін 50 аялдамаға конкурс жарияланды» дейді басқарма өз жауабында.

2024 жылы жабық үлгідегі аялдама павильондарын орнату функциясын елордадағы аудан әкімдіктеріне тапсыру туралы шешім қабылданған. Соның шеңберінде былтыр 40-тан астам жылы павильон орнатылды.

### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛАДЫ

Жоғарыда айтқандай, енді жабық һәм жылы аялдама салу құзыреті Астанадағы әр ауданның өз билігінде. Біз олардың барлық үлгідегі аялдамалары туралы ақпарат беруді жөн көрдік.

Айталық, Есіл ауданында 191 аялдама павильоны орнатылған, оның 59-ы – жылы павильон. Тұрғындардың жайлылығы үшін өткен жылы қосымша 13 жылы аялдама орнатылған. Ал Нұра ауданында 267 аялдама нүктесі болса, оның 248-і павильондармен жабдықталған. Яғни жылы павильон саны – 45, ашық павильон саны 203 аялдаманы құрайды. Павильондармен жабдықталмағаны – 19 аялдама. Аудан әкімдігі аппараты 34 жылы және 149 ашық аялдама павильонына жауапты болса, инвесторлар (iStop, RTS decaux, Аксиома) 11 жылы және 54 ашық аялдама павильонына қызмет көрсетеді екен. Ал өткен жылы осы ауданда 9 жылы аялдама орнатылған. Осы жылға қанша жылы аялдама тұрғызылатыны белгісіз, өйткені жергілікті мәслихат шешімі енді белгілі болмақ.

Сарыарқа ауданында 379 аялдама павильоны бар, оның 73-і – жылы аялдама. Жылы аялдаманың 61-і аудан әкімдігінің балансында болса, қалғаны (сауда нүктесі бар аялдамалар) жеке инвесторлардың қаражатына орнатылған. Өткен жылы ауданда 10 жылы аялдама пайдалануға берілсе, биыл тағы 10 жылы аялдама жоспарланған көрінеді.

Байқоңыр ауданында 190 аялдама кешені бар. Оның 48-і жылы аялдама (39-ы әкімдікте, 9-ы инвесторларда) қатарына жатады. Былтыр 14 жылы аялдаманың құрылысы жүрсе, биыл 15 жылы, 8 ашық аялдама салу жоспарланған. Ал Алматы ауданында 281 аялдама жұмыс істейді. Оның ішінде 40 жылы аялдама бар. Ақпаратқа сүйенсек, бүгінгі таңда аудан аппаратының балансында 142 аялдама кешені болса, оның 81-і шыныдан, 31-і антивандалдық және 30-ы жылы павильон болып отыр.



Былтыр құрылған Сарайшық ауданының қолданысында 140 аялдама жұмыс істейді. Оның 29 жылы аялдама болса, қалғаны – ашық (желден қорғайтын) аялдамалар. Былтыр ауданда 10 жаңа жылы аялдама (Ж.Нәжімеденов көшесі бойында – 7, А.Байтұрсынов көшесі бойында – 2, Тәуелсіздік даңғылы бойында – 1) аялдама орнатылды. Әкімдік биыл да саны осы межеден асатындай жылы аялдамалар тұрғызуды жоспарлап отыр. Әрі олар мектеп, балабақаша, аурухана сынды әлеуметтік нысандарға жақын салынбақ.

### САНЫ АРТСА ДЕГЕН ҰСЫНЫС БАР

«Көш жүре түзеле ме?» Орнатылғалы бері бірде қаржысына, бірде құрылысына қатысты сын айтылған жылы аялдамалардың тазалығы мен ішкі жай-күйіне тағы да аудан әкімдіктері мен мердігер мекемелер жауап береді екен. Мысалы, бізбен тілдескен Сарыарқа ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі әр павильонның бейнебақылау камераларымен, желдеткішпен, жылыту және жарықтандыру жүйелерімен қамтылғанын айтып отыр.

«Аялдамалардың жағдайын бақылау мақсатында мердігер ұйымдар күн сайын мониторинг жүргізіп, ақау мен бүлінген заттар анықталған жағдайда 1-7 күн ішінде жөндеу жұмыстарын орындайды. Сонымен қатар, аптасына екі рет санитарлық тазалау жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ алда салынатын жаңа аялдамалардың орны тұрғындардың ұсынысын, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің орналасуын ескере отырып таңдалады. Бұл – аудан тұрғындарының жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі» деп атап өтті аудандық баспасөз қызметі.

Бір уақыттары мұндай аялдамаларды жиі паналайтын үйсіз не ішімдік ішкендердің жағымсыз иісіне қала тұрғындары наразы болған. Енді бірде елордалықтар интернет жүйесінің нашарлығын айтса, енді бір сын – аялдамадағы жылудың төмендігі, телефон қуаттайтын орындардың істен шыққанына бағытталды.

**ВАНДАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ НҰСҚАДА НЕМЕСЕ ТЕМІРДЕН ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН 332 (ҚҰНЫ 1,5-2 МЛН), ШЫНЫ ТИПТЕГІ (ӘЙНЕК) 631 ЖӘНЕ ЖЫЛЫ НЕМЕСЕ ЖАБЫҚ ТИПТЕГІ 295 АЯЛДАМА (ҚҰНЫ 10-12 МЛН) БАР. БҮГІНГЕ ДЕЙІН САРАЙШЫҚТА 29, АЛМАТЫДА 40, БАЙҚОҢЫРДА 49, ЕСІЛДЕ 59, НҰРАДА 45 ЖӘНЕ САРЫАРҚА 73 ЖЫЛЫ АЯЛДАМА ТҰРҒЫЗЫЛҒАН. БИЫЛ ӘКІМДІКТІҢ ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСЫНДА 5 ЖЫЛЫ АЯЛДАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАУ КӨЗДЕЛГЕН**

«Қыста қоғамдық көлікті жылы аялдамада күтеміз. Меніңше, мұндай уақытша орындарға аса жайлы жағдай қажет емес. Тек Астананың климаты үшін маңыздысы – ішкі температура. Ол жағына әбден көңілім толады. Ал ішіндегі интернет жағы қиындау. Көбіне жоқ, болған күннің өзінде қолданушы саны артқан сайын оның жылдамдығы да азаяды» дейді қала тұрғыны Ерсін Балтабекұлы.

Астаналықтар жылы аялдаманың әлі де көптеп салынғанын дұрыс көреді. Өйткені қала аумағы кеңейіп, жаңа аудандар пайда болуда. Екіншіден, автобустардың жиі болатын кептеліс кесірінен кешігуі – қыстыгүні жылы аялдамаларға деген сұранысты арттырып тұр.

«Кейде қоғамдық көліктер 20-25 минутқа дейін кешігіп келеді. Ал мұндайда жылы аялдама керек. Әрі олардың қаламыздың әр бұрышында көбейгенін қалаймыз. Алдағы уақытта олардың ішін бұрынғыдан да кеңірек етіп салса, тіптен керемет болар еді. Екіншіден, тазалыққа қатысты да мәселе бар. Бірақ менің өз ойым – тұрғындар үшін орнатылған жылы аялдамаларды күтіп-ұстау тек әкімдіктің жұмысы деп қарап отыруға болмайды ғой. Әр тұрғын аялдама ішіне қоқыс тастамаса, оның өзі үлкен жауапкершілік емес пе?» дейді елордалық Динара Бекмырзақызы.

### ШЕТЕЛДІҢ АЯЛДАМАСЫН АЙТҚАНДА...

Жылы аялдама салу – суық ауа райында тіршілік еткен басқа мемлекеттер үшін де маңызды. Ол жақтағылар жылы аялдама құрылысын дұрыс жолға қойып үлгерген. Мысалы, Финляндиядағы Хельсинки, Швециядағы Стокгольм, Норвегиядағы Осло және Исландиядағы Рейкьявикта тұрғындарды суықта тоңбас үшін жабық типтегі аялдамаларды көбейтіп, тіпті ондағы орындықтардың өзіне жылу қосып қойған.

Жылы аялдамалар дегенде, көрші Ресейді көбірек мысал етсек болады. Негізгі бұл мемлекетте оның екі түрі салынып жүр. Біріншісі – алдыңғы жағы ашық, бірақ едені мен төбесінен жылу ұдайы беріледі. Екіншісі – түгелдей жан-жағы жабылған шыны қабырғалы аялдама. Екіншіден, жылы аялдамалар салу ісінде ел кәсіпкерлері де белсенді. Өйткені олар осыдан пайда тауып отыр. Мәселен, аялдаманың күту залының бір бөлігінде үш қатарлы орындықтар, кофе мен түрлі тауар сататын сауда автоматтары қойылған. Бұдан бөлек, тұрғындар мен мүгедектер үшін арнайы тегін әжетхана да бар. Жалпы әлемде аялдамалар салу жағынан Ресей алдына түсетін ел жоқ көрінеді. Бұл елдің теріскейінде орналасқан (Якутск, Мурманск, Ноябрьск, т.б.) қалалардың барлығында осындай жабық жылы аялдамалар уақыт өткен сайын көптеп салынып келеді.





№23 (4767) 27/02/2025 Бейсенбі

# ҚҚС-тің МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ НЕДЕ?

Жыл басында газетте (№2 (4746) «2025 жылы қаржы дағдарысы бола ма?» деген мақала жазған едік. Онда сарапшылардың пікірін негізге алып, бюджеттегі тапшылық Үкіметті тығырыққа тіреуі мүмкін екенін алға тарттық. Көп өтпей-ақ атқарушы билік қосымша құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 20 пайызға дейін көтеруді және тіркеу шегін 15 миллион теңгеге дейін төмендетуді ұсынды. Соған байланысты қоғамда ҚҚС қызу талқылануда. Тіпті, биліктің ҚҚС бойынша позициясына қарсы e-Petition.kz порталында петиция жарияланды. Осыдан кейін атқарушы билік 16 пайызға дейін көтеруге шешім қабылдаған сынды. Алайда бұл туралы ақпарат әзірге жарияланған жоқ.




### ҚАШАН, ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

XX ғасырда Еуропа аграрлық өркениеттің біртіндеп индустриялық қоғамға ауыса бастады. Енді сауда-саттық көлемі артып, салық жүйесін жетілдіру міндеті тұрды. Алғаш болып ҚҚС-тің маңызы АҚШ-та айтылды.

1920 жылы американың экономист Томас Сьюэл Адамс АҚШ конгресінде ҚҚС енгізуді жақтады. Бұл салық жүйесі мемлекеттің кірісін арттырудың тиімді және әділ жолы деп бағалады. Алайда экономистің ұсынысы қолдау таппады.

XX ғасырдың 70-жылдары Еуропа елдері саяси реформа жүргізіп, салықтың жаңа түріне басымдық берді. ҚҚС жылдам таралуына Еуропалық Экономикалық Қоғамдастықтың (ЕЭК) мүше мемлекеттер арасындағы сауданы үйлестіруді мақсат етуі оң әсер етті.

1977 жылы ЕЭК-ғы ҚҚС жүйесін ресми түрде қабылдады. Бүгінде ЕО-ға мүше мемлекеттер ҚҚС мөлшерлемесін кем дегенде 15 пайыз деңгейінде белгілейді.

1989 жылға қарай 48 мемлекет, оның көпшілігі Батыс Еуропа мен Латын Америка елдері көп болды.

Салықтың бұл түрін кең тарауына Халықаралық валюта қорының да (ХВҚ) әсері бар. Қазір ҚҚС 135 елде қолданылады.

Бір қызығы, ЕО-ға кірмейтін елдердің көпшілігінде қосымша салықтың ставкасы төмен. Мысалы, Швейцарияда стандартты мөлшерлеме 8,1 пайыз болса, Канадада – 5 пайыз, Сингапурда – 9 пайыз, Оңтүстік Корея – 10 пайыз.

1992 жылы Ресейде жаңа салық жүйесі пайда болды. 1995 жылы Қазақстан енгізді.

Ресейдің де, Қазақстанның да тәжірибесінен салықтың жаңа түрін енгізгеннен кейін мөлшерлемесін бірнеше рет өзгерткенін көруге болады. Мәселен, Ресейде 1992 жылы 28 пайыз болса, 1993-2003 жылдары – 20 пайыз, 2004-2018 жылдары – 18 пайыз, 2019 жылдан бері 20 пайыз деңгейінде сақталып тұр. Ал Қазақстанда 1995-2000 жылы – 20 пайыз, 2001-2004 жылдары – 16 пайыз, 2005-2007 жылдары – 15 пайыз, 2007-2008 жылдары – 14 пайыз, 2008-2009 жылдары 13 пайыз болса, 2009 жылдан 12 пайыз деңгейінде сақталып келген-ді. Әрине, бұған түрлі жағдай әсер етеді.

### ҚҚС ЖҮЙЕСІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

ҚҚС (Қосылған Құн Салығы) – тауарлар мен қызметтерді сатудан алынатын жанама салық. Ол өндірушіден бастап тұтынушыға дейінгі әрбір сатылым кезеңінде қосылып, соңында тұтынушы төлейді.

ҚҚС-тің жұмыс істеу принципі – өндіруші шикізатты сатып алады және оған ҚҚС төлейді. Екінші – өңдеуші компания шикізатты өнімге айналдырады, оның үстінен ҚҚС қосып сатады. Үшінші – көтерме сатушы өнімді алып, оған қосымша ҚҚС қосып, бөлшек саудаға өткізеді. Төртінші – сауда орны немесе қызмет көрсетуші соңғы тұтынушыға сатқан кезде ең жоғары деңгейдегі ҚҚС қосады. Яғни, әрбір кәсіпкер сатылған өнімнің ҚҚС-ын алады, бірақ өзі сатып алған шикізат немесе қызметтің ҚҚС-ын шегеріп, айырмасын мемлекетке төлейді.

Мысалы, өндіруші шикізатты 100 теңгеге сатып алып, өнім жасап, оны 150 теңгеге сатады. ҚҚС 12% = 18 теңге. Көтерме сатушы бұл өнімді 150 теңгеге алып, 200 теңгеге сатады. ҚҚС 12% = 24 теңге. Бөлшек сауда өнімді 200 теңгеге алып, тұтынушыға 250 теңгеге сатады. ҚҚС 12% = 30 теңге. Осылайша, әр кезеңде тек қосылған құнға ғана салық салынады.

Озық елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ҚҚС – бюджетке тұрақты салық түсімін қамтамасыз етеді, кіріске қарамастан барлық тұтынушы бірдей мөлшерде салық төлейді. Заңды айналымды көбейтеді. Өйткені компаниялар ҚҚС шегерімі үшін тиісті шот-фактура рәсімдейді. Алайда мемлекетке тұрақты кіріс әкелгенімен, бизнеске жүктеме түсіреді.

Айтқандай, Қазақстанда кейбір мекеме мен қызмет түрі ҚҚС-тен босатылған. Әлеуметтік маңызы бар салаларды қолдау және халықтың белгілі бір тобына қаржылық жүктемені азайту мақсатында жасалды.

Парламент депутаттары жекелеген салалар – фармацевтика үшін 10 пайыз, агроөнеркәсіптік кешен үшін 0 пайыз ҚҚС салуды ұсынып отыр.

### САРАПШЫЛАР НЕГЕ ҚАРСЫ?

– Үкімет ҚҚС-ті көтеріп, оның шегін азайтуды ұсынып отыр. Бірақ бұл тұтынушылардың қалтасына салмақ салып, көлеңкелі бизнес қарқын алуы мүмкін. Экономиканы дамыту – күні бүгін ең қажетті, ең маңызды жұмыс. Үкімет ел экономикасын дамытуға, инвестиция тартуға, бизнеске жағдай жасауға күш салуы керек. Бұл экономика өсімінің есебінен салық түсімін көбейтеді, – деді Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев.

Расында, Үкіметке бюджеттің дефицитін жоюдың өзге жолын қарастыру керек. Бұл туралы экономист Қайырбек Арыстанбеков айтып берді.

– Елдегі ең табысты сала – шикізаттық экспорт сектор. Осы сала үшін ҚҚС-ны 20 пайызға арттыруға болады. Ал ішкі экономикаға бағытталған сектор мен инфрақұрылымға ҚҚС-ны 15 пайызға көбейткенде жетеді. Осы тұста ел экономикасында сауда-саттықтың үлесі 17 пайызға жетеді. Сондықтан бұл секторда ҚҚС-ны арттыру барлық тауардың қымбаттауына алып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі ірі бизнес өкілдерімен кездесуде ҚҚС мәселесін тағы бір қарастырып, пысықтауды ұсынды, – деді сарапшы.

Салықтық реформа шағын және орта бизнеске қалай әсер етеді? Маңызды мәселе – осы.

Біріншіден, тауар мен қызмет құны қымбаттайды. Өйткені қосымша салық 20 пайызға көтерілсе, онда тауар мен қызмет ақысы автоматты түрде 7,14 пайызға қымбаттайды. Салдарынан, азық-түлік, дәрі-дәрмек, тұрғын үй, коммуналдық қызмет, көлік және тұрмыстық техниканың бағасы өседі.

Екіншіден, инфляцияның жылдам өседі. ҚҚС-тің көтерілуі инфляцияны қосымша 2-3 пайыздық тармаққа ұлғайтады.

Үшіншіден, халықтың сатып алу қабілеті төмендейді. Егер бір отбасы айына 150 мың теңге тұтынуға жұмсаса, ҚҚС-тің өсуі бұл шығынды қосымша 10,7 мың теңгеге арттырып, жылдық қосымша шығын 128,5 мың теңгені құрайды.

Төртіншіден, Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1 миллионнан асады. ҚҚС-тің өсуі олардың өнімдерінің бағасын арттырып, бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі мүмкін. Бұл әсіресе ішкі нарықта импорттық тауарлармен бәсекелесетін кәсіпорындарға қиындық тудырады.

Бесіншіден, көлеңкелі экономиканың көлемі ұлғаяды. 2024 жылы Қазақстанның бюджет тапшылығы 3,6 трлн теңгені құрады. Салық мөлшерлемесінің 20 пайызға өсуі бұл түсімді теориялық тұрғыда 5,6 трлн теңгеге дейін арттыруы мүмкін. Алайда тұтыну мен өндірістің төмендеуі өсімді шектеп, кәсіпкер бизнесін көлеңкеге ауыстыруға талпынады.

ЕО елдерінде ҚҚС мөлшерлемесі орта есеппен 21 пайыз. Мысалы, Венгрияда 28 пайыз болса, Данияда – 25 пайыз, Финляндияда 24 және Италияда 22 пайызды құрайды. Алайда бұл елдерде жоғары ҚҚС әлеуметтік қолдау бағдарламасы және дамыған экономикамен теңестірілген. ЕО тұрғындарының тұрмыстық әлеуеті жоғары. Мәселен, Данияда жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі 72 мың доллар, Финляндияда 57 мың доллар болса, Қазақстандағы көрсеткіш 13,3 мың доллар деңгейінде.

Жалпы ЕО орташа жылдық жалақы 37 мың еуроны құрайды. Бұл көрсеткіш Бельгияда 60 мың еуро, Испанияда 32 мың еуро деңгейінде. 2023 жылы Еуропадағы жылдық жалақысы ең төмен ел – Болгария (12 мың еуро). Біздің елде жылдық орташа жалақы – 350 мың теңге. Еуроға айналдырсаңыз, 670 еуроға жетпейді. Енді 12 мың еуро мен 670 еуроны салыстырып көріңіз. Айырмасы жер мен көктей.

Экономист Мақсат Халық бюджет тапшылығын толтыратын өзге жолы бар екенін жасырмайды.

Бірінші кезекте, контрабандалық тауар айналымы көлемін қысқарту керек. Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегінше, Қытайдан келген импорт көлемі шамамен 15,4 миллиард доллар құраса, сол кезеңде Қытай кеденінің мәліметтері бұл көрсеткішті 24,7 миллиард доллар деп көрсеткен. Екі елдің ресми статистикасының арасындағы айырмашылық – 9,3 миллиард доллар.

Екінші кезекте, көлеңкелі экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесі – 18,3 пайыз. Алайда бейресми экономиканың көлемі 30-40 пайыз деп ұсынатындар бар. 2025 жылы мемлекет қазынасы 1,2 трлн теңгеден қағылуы мүмкін.

Үшіншіден, тиімсіз іс-шараларға қаржы бөлуді реттеу керек. Мәселен, қыста мұз қалашығын салу мен жаңа жылдық шыршаны безендіруге миллиондап қаржы жұмсаудың қандай қажеттілігі бар?

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

**P.S:** ***ҚҚС мөлшерін көтеру елдің әлеуметтік жағдайына тікелей әсер еткендіктен, асығыс шешім қабылдамай, жан-жақты талқылап, бюджет кірісін арттырудың өзге жолын қарастыру маңызды сынды. Қазіргі жағдайда, алдымен халықтың тұрмыстық жағдайын түзету, содан кейін барып кезең-кезеңімен салықтық реформаны жүргізуді қолға алған дұрыс. Біз сарапшылармен пікірлесіп осындай ой түйдік.***

Білесіздер, біздің партия қолға алған салалық бағдарламаның бірі «Ауыл аманаты» деп аталады. Үш жыл бұрын іске қостық. Жетістік жоқ емес. Бар. Тек 2023 жылы 100 млрд теңге шағын несие берілді. 15000 жаңа жұмыс орны ашылды. Бірақ бағдарламаның орындалуына келгенде айтылып жатқан сын аз емес. Әзірге, ауыл халқының табысын толтыруға арналған елдегі жалғыз жоба осы болғандықтан, одан үміт күтетін ел көп. Бірақ, сол елдің бұл жобаға айтар өкпе-назы да жоқ емес. Неге бұлай?

# АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ТАБЫСЫ КӨТЕРІЛЕ МЕ?

Кәсіптен нәсібін тапқысы келетіндерді әкімдік әуре-сарсаңға салуға дайын. Әлжуаз әлеуметке бюрократия үш-төрт айлап құжат жинатып, табанынан тоздырады. Бұл – бір. Екіншіден, бұл жобаны қаржыландыру тетігі де қарын ашытады. Негізі, жобаның басты мақсаты – 7 жылда 350 мың жұмыс орнын ашып, жыл сайын кемінде 20-25 мың тұрғынға микронесие беру. Бірақ бюджет тапшылығына байланысты, былтыр жобаға бар болғаны 20 млрд теңге бөлінген. Мұны екі деп қойыңыз.

Тағы бір өзекті мәселе – кадр тапшылығы. Кооперативтерде ветеринар, зоотехник, механизатор, агроном сияқты мамандар жетіспейді. Сөйте тұра кооператив қызметіне күнделікті мониторинг пен бақылау жүргізу, ақпараттық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету туралы айтқымыз келеді.

Сондықтан өңірлердегі әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар (СПК) несие үлестіріп, немкетті деп қана отырмай, бірінше кезекте өңірдегі осындай өзекті мәселелерге де мән бергені жөн. Әйтпесе қазір, әкімдіктерді мазалайтын екі-ақ мәселе бар. Несие алатын адамдардың санын толтыру және берген ақшаны игеру. Бітті.

Осы ретте, қанатқақты ауылдар жобасы принципін міндетті түрде қалдыру қажет. Әйтпесе, жобаның мәні жоғалады, жоба тек кредит беретін кезекті бағдарлама ретінде баянсыздың күнін кешеді. Әрине, осыдан біраз бұрын Президент назарына ұсынылған Жамбыл облысындағыдай барлығы бақуатты болмайтыны анық. Бірақ, бұл принцип тоқтаса, онда ауыл кооперативтерін құрудың, тиісінше, лизингке техника берудің де қажеті болмай қалуы мүмкін.

Ең қызығы, кооперативтер құру деген не? Оның механизмі қандай? Мұны жергілікті атқарушы органдардың өзі түсінбей жатады. Сонда оны қарапайым халық қайдан түсінеді? Сондықтан ең алдымен, ауыл тұрғындары арасында жалпы жоба туралы, соның ішінде ауыл кооперативтерінің жұртқа, нарыққа беретін пайдасы мен мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмыстарын ширатқан жөн.



Сондай-ақ ауыл халқының табысын көтеру үшін, тұрғындарды ауыл шаруашылығы бойынша технологиялық карталарға оқыту мәселесі өте өткір болып тұр. Мұны Мемлекет басшысы 2 қыркүйектегі Жолдауында айтты. Сөзбе-сөз оқып берейін. «Пилотты режимде «Аманат» партиясының Мерке ауданында ашқан «Агросауат» оқу орталығын барлық аудандарда ашуды Үкіметке тапсырамын» деді. Бірақ, бұл тапсырма бойынша Үкімет те, өңір әкімдері де қылаудай шешім қабылдамаған. Бұл үкіметке, әкімдіктерге сын.

Бұл жүйені іске қоспай, қалыптастырмай ауыл халқының табысын көтеру мүмкін емес. «Агросауат» орталығы – жүйе қалыптастыратын, білмегенге үйрететін, білгенге қолдау болатын орталық.

Жалпы кредиттің бәрін тек мал сатып алуға ғана бере беруге болмайды. Мал жатқанға емес, баққанға бітеді. Ал оны бағып-қағу үшін жайылымдардың жайын айтпағанда, елде әлі күнге дейін көпке үлгі болатын жем-шөп дайындайтын орталықтар жүйесі жоқ. Бұл да өзекті.

**Мақсат ТОЛЫҚБАЙ,**
**Мәжіліс депутаты**



# ТАҒДЫРЫ ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН УКРАИНА

Украина мен Ресей арасындағы сұрапыл соғыс үшінші жылға аяқ басты. 2022 жылы 24 ақпанда Ресейдің «арнайы әскери операция» деген атпен Украина жеріне әскер кіргізуінен басталған соғыс Украина мен Ресей үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін де үлкен сынаққа айналды. Соғыс салдарынан әлемдік геосаяси тепе-теңдік түбегейлі өзгеріп, ірі елдерді әскери күштердің орналасуын қайта қарауға мәжбүр етті. АҚШ пен Батыс елдері Украинаға бұрын-соңды болмаған көлемде қару-жарақ пен қаржылай көмек көрсетті, ал Ресей Қытай, Иран және Солтүстік Корея сияқты елдермен тығыз қарым-қатынас орнатты.

### СОҒЫС САЛҒАН ОЙРАН

Үш жылға жалғасқан соғыста Ресей Украинаның Донецк облысының 70 пайызын, Запорож облысының 72 пайызын, Луганск облысының 98 пайызын және Херсон облысының 71 пайызын, Харьков облысының 2 пайызын өз бақылауына алды. Қазір Ресей Украина жерінің 20 пайызға жуық аумағын басып алып қана қоймай, Украинадан аталған төрт облысты әкімшілік шекарасы бойынша босатып беруді талап етуде. Бұл жөнінде БҰҰ-дағы Ресейдің тұрақты өкілі Василий Небензя 17 ақпан күні: «Қырыммен қоса, Украина Донецк, Луганск, Херсон және Запорож облыстарын мәңгіге жоғалтты. Бұл аймақтар Ресей құрамына қосылды» деп мәлімдеді. Украина бұл талаптан үзілді-кесілді бас тартуда. Сонымен қатар Украина басып алынған жерлерін қарулы күшпен қайтарып ала алмаған күннің өзінде оны Ресейдің жері деп әсте мойындамайтынын, болашақта ол жерлерді дипломатиялық жолмен қайтарып алуға күш салатынын мәлімдеді.

Қазіргі таңда майдан даласында позициялық соғыс күшейді және тараптардың алға жылжуы да баяулаған. Ресей әскері Донбасста алға жылжуға тырысса, Украина Курск облысында қарымта шабуылға шығуда. Сонымен қатар екі тарап та ұшқышсыз ұшақтармен толассыз соққылар жасап жатыр.

Ресей Украинаға соғыс ашқанда Киевті НАТО-дан, НАТО-ны Ресей шекарасынан алыстатудан бөлек, «Украинаны қарусыздандырамыз», «құқай көрген орыс тіліне қайта күш алып береміз», «Киевте билікті өзгертеміз» деген сынды бірқатар саяси мақсатты көздеген. Бірақ бұлар орындалған жоқ. Керісінше, кері әсер тудырды.

Үш жылдық соғыста Украина сарбаздары бір қарыс жер үшін қан төкті, Отан үшін отқа түсті. Ресейдің ең қуатты флоты – Қара теңіз флотының шаңырағын шайқалтып, атақты «Мәскеу» соғыс кемесін суға батырды. Сондай-ақ Украина Ресейдің заңды территориясына басып кіріп, бір бөлігін өз бақылауына алды. Ол аумақты әлі ұстап тұр. Бұл – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресейдің аумағына шетел әскерінің алғаш рет басып кіруі. Сондай-ақ бұл соғыс Ресей билігін өзге елдерден көмек сұрауға мәжбүр етті. Кремль Тегеранға қол жайды, Ким Чен Ыннан снаряд сұрап, әскер де алдырды.

Соғыс барысында Украина армиясы заманауи қару-жараққа қол жеткізіп, әскерін НАТО стандартына сай арнайы даярлықтан өткізді. HIMARS, Patriot, Leopard 2, Abrams және Storm Shadow секілді Батыстың заманауи қарулары Украинаның қорғаныс қабілетін арттырды. Баллистикалық зымыран өндірісін қайта жолға қойып, дрондар өндірісін, артиллериялық кешендер өндірісін іске қосып, «Паляница», «Пекло», «Рута» секілді алыс-жақын қашықтыққа жететін зымырандарды сынақтан сәтті өткізді.

Дегенмен соғыс Украина үшін өте ауыр шығын алып келді. Неше он мыңдаған сарбаз бен бірнеше мың бейбіт тұрғын қаза тапты, миллиондаған украиндық босқынға айналды. Украина халқының саны күрт азайды. Соғысқа 320 млрд доллар қаржы жұмсалды. Соғыс салдарынан Украинаның инфрақұрылымы қирап, көптеген қаласы жермен-жексен болды. Енді оны қалпына келтіруге бірнеше ондаған жыл, қыруар қаржы керек болып тұр. Украина премьері Шмыгальдың «Алдағы 10 жылда Украинаны қалпына келтіру үшін 524 миллиард доллар қажет» деген сөзі – соның дәлелі.

Қазір соғыстың қорытынды кезеңі туралы айтуға әлі ертерек. Трамптың билікке келуі бұл соғыстың тағдырына үлкен әсер етті. Бастапқыда Украинаны қорғаушы болған АҚШ енді Ресеймен ымыраласып, Украинамен де саудаласа бастады. Сосын да қазір Украина бір жағынан жаумен жағаласып жатса, енді бір жағынан дипломатиялық келіссөздердің күрделі де жанды ауыртар жапалы кезеңін бастан өткеріп жатыр.

### ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛДІГІ БЕРІЛЕ МЕ?

Украина Ресеймен бейбіт келісімге келу үшін халықаралық қауіпсіздік кепілдігін талап етуде. Алайда АҚШ бұл мәселеге аса сақтық танытып отыр. АҚШ-тың алаңдауындағы негізгі себеп – егер Ресей келісімді бұзса, АҚШ-тың әскери араласуға міндеттелу мүмкіндігі. Бұл жағдай АҚШ-ты тікелей қақтығысқа тартуы ықтимал, сондықтан Вашингтон бұл мәселеге өте сақтықпен қарауда. Ал Еуропа елдері Украинаның бейбіт келісімге келу талпынысын қолдайды және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мәселесін талқылап жатыр. Бұл мәселеде Ұлыбритания мен Франция айрықша белсенділік танытып отыр. Жақында екі ел бірлесіп, Еуропалық қауіпсіздік кепілдігін әзірлеген. Бұл жөнінде Ұлыбритания премьері Стармер «біз Украинаға әскери контингент орналастыруға дайынбыз. Қазір Американың кепілдігін күтіп отырмыз» десе, Франция басшысы Макрон «Еуропаның 30-ға жуық елі Украинаның қауіпсіздігіне кепілдік беруге дайын» деп мәлімдеді. Трамптың сөзіне сенсек, бейбітшілік келісімі аясында Украина жеріне Еуропа әскерінің орналасуына Путин қарсы емес көрінеді. Демек, АҚШ Украинаға қауіпсіздік кепілдігін беріп, әскер жібермегенмен, Еуропаның бітімгершілік күштерін жіберу мәселесі шешіліп те қойған секілді. Өйткені соғысты тоқтатқан екі тараптың ортасына Еуропа әскерін тұрғызу тұтас Еуропаның қауіпсіздігі үшін және соғыстың аз уақыттан кейін қайта басталып, Украинаның тіпті де көп аумағынан айырылып қалуының алдын алу үшін де аса маңызды болып тұр. Осы тұрғыдан алғанда, «елімізді аман сақтап қалудың ең ұтымды әдісі – НАТО-ға кіру және АҚШ бастаған елдердің шынайы қауіпсіздік кепілдігін алу» деп талпынған Украина Еуропа елдерінің кепілдігін қанағат тұтуына тура келетін түрі бар.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮДДЕ ҮСТЕМ ОРЫНДА

Трамп билік басына келгеннен бері АҚШ-тың әлемдік аренадағы беделінен гөрі елдің экономикалық мүддесіне баса назар аударды. Сосын да ол Украинадағы соғысты тоқтатудың бір шарты және АҚШ-тың Украинаға жасаған көмегінің қарымтасы ретінде Украинаның жер қойнауындағы сирек кездесетін металдарына көз тікті. Керек десеңіз, Трамп бұл мәселеде астамшылық жасап, Украинаны айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізгісі келді. Алайда Украина басшысы Украинаның мүддесі мәселесінде табандылық танытып, «Мен біздің кейінгі 10 буын ұрпағымыздың мойнына қарыз болып ілініп, солар төлейтін келісімге қол қоймаймын. Біз 500 млрд доллар деген қарызды мойындай алмаймыз. АҚШ ұсынған шарттың бір тармағы – АҚШ-тың Украинаға берген әрбір долларына біз 2 есе құн төлеуіміз керек, бұл да ақылға сыймсыз нәрсе» деп келісімге маңызды өзгерістер енгізуді талап етті. Әрине, Зеленскийдің қарсылығы Трампқа ұнаған жоқ. Ол Зеленскийді «диктатор» деп атап, «келісімге келу үшін Украинада сайлау өткізу керек» деп оны биліктен кетіргісі келетін сыңай танытты. Ресейдің де бір көздегені осы еді. Алайда Украина Жоғарғы Радасы бірнеше күн бұрын Зеленскийдің өкілетін дауысқа салып, «Зеленский еркін, шынайы, демократиялық сайлауда президент болып сайланды. Өкілеті толық. Соғыс жағдайына байланысты заңды түрде төтенше жағдай жарияланды. Енді соғыс аяқталмай сайлау өткізу мүмкін емес. Халықтың бірқатары босқын, әскерлер алдыңғы шепте соғыста. Мұндай жағдайда сайлау өткізу мүмкіндігі жоқ» деп Путиннің аузына құм құйып, Трампқа заңды түрде тойтарыс жасады.

Дейтұрғанмен сирек металдар мәселесі бойынша Украина бәрібір АҚШ-пен келісімге келетіні анық. Өйткені Трамптың «Ресейде де бізге қажет ресурстар бар. Мысалы, сирек кездесетін металдар, минералдар. Біз президент Путинмен де аса ірі экономикалық келісімдер жағында салмақты келіссөздер жүргізудеміз» деген сөзіне қарағанда, Трамп Путинмен де саудаласып отыр. Яғни болашақта Украинаның шығысындағы төрт облыстың жері Ресейге, байлығы АҚШ-қа тәуелді болуы мүмкін.

Апта басында Financial Times «Киев сирек кездесетін металдар бойынша АҚШ ұсынған жаңа шартқа қол қоймақ. Зеленский жақын арада Вашингтонға барады. Онда Трамппен бірге табиғи ресурстар туралы келісімге қол қояды» деген ақпарат таратты. Жаңа шартта АҚШ-тың қатаң риторикалары алынып тасталған. Украинаның 500 млрд доллар «қарызы» деген талап пен «Қорды 100% АҚШ басқарады, бақылайды» деген тармақ та жоқ. «Арнайы ортақ қор құрылып, Украина ол қорға табиғи ресурстардан тапқан табысының 50%-ын аударады» деп жазылған, бірақ келісім жобасында Украинаға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы айтылмаған көрінеді.

Сейсенбі күні Трамп тағы да мәлімдеме жасап: «Украинадағы соғыс Үшінші дүниежүзілік соғысқа ұласуы ықтимал. АҚШ оған жол бермейді. Мен жуық арада Зеленскиймен кездесемін. Украинадағы соғысты бірнеше аптада аяқтау мүмкіндігі бар. Ресей мен Украина арасындағы келіссөздер аясында Украина өз жерінің бір бөлігін қайтаруы ықтимал» деп мәлімдеді. Трамптың Украина тағдыры үшін алаңдап отырған әлем елдеріне өлеусіреген бір үміт сыйлаған сөзі осы ғана.

Бетті дайындаған **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### СИРИЯДАН САНКЦИЯЛАР АЛЫНУДА

Еуропалық Одақ Сирияға салған біраз санкцияны алып тастады. Шешім Еуропа елдері Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысында қабылданды.



Былтыр қарашада араб мемлекетіндегі 318 жеке және 86 заңды тұлғаға санкция салынған еді. Енді солардың ішіндегі 5 қаржы ұйымы мен Сирияның Орталық банкінен шектеу алынды. Мұнай-газ, энергетика, көлік және банк салаларына да қатысты тыйымдар жойылды.

### ҒАРЫШТЫ ДА ҚОҚЫС БАСТЫ

Ғарышты қоқыс басып барады. Канадалық ғалымдардың айтуынша, ғарыштағы металл заттардың салмағы жүздеген келіге дейін жетеді.



Уақыт өте келе олар жерге құлауы мүмкін. Ғалымдар мұндай жағдайларды болдырмау үшін ескі жер серіктерінің орбитасын өзгертіп жатады. Бірақ соның өзінде ғарыш қоқысынан арылудың тиімді тәсілі әлі ойлап табылған жоқ.

### ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНГЕН ҚАУІП

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2050 жылға қарай әлемде сүт безі обырынан қайтыс болатындар саны 68 пайызға артады деп дабыл қақты.



Ұйым өкілдерінің болжамы бойынша 3,2 миллион әйел сүт безі обырына шалдығады, соның 1,1 миллионы көз жұмады. 2022 жылы аталған онкологиялық ауру 2,3 миллион әйелден анықталған. Олардың 670 мыңы қайтыс болды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне республикалық бюджеттен бөлінген қаржы 2017 жылы 892 миллиард теңге (2,67 миллиард доллар) болса, бұл көрсеткіш 2022 жылы 2,87 триллион теңгені (6,62 миллиард доллар), 2024 жылы 3,77 триллион теңгені (7,62 миллиард доллар) құрады. Яғни бөлінген қаржы теңгеге шаққан кезде 2017 жылдан 2024 жылға дейін 4 есе артты. Төрт есе артты десек, теңгенің долларға шаққандағы құнсыздануын көлденең тартып, ақталып отырған мамандар да бар. Алайда доллармен есептеген күннің өзінде 2,6 есе артып отыр. Бірақ 2017 жылғы медициналық қызметтің сапасын, өнімін 2024 жылы 4 есе көтере алдық па?

# МЕДИЦИНА: ҚАРЖЫ МОЛ, ТИІМДІЛІК КЕМ

Денсаулық сақтау саласына бөлінген қаржының еселеп артуы міндетті медициналық сақтандыру жүйесі іске асқаннан кейін пайда болды. Алайда қаржы еселеп артқанмен, сапаның соған сәйкес артпағаны, керісінше, жұрттың шағымы көбейе түскені байқалады. Ендеше осы мәселені назарда ұстай отырып, елімізде бюджет тапшылығы жоғарылап, Үкімет жеке табыс салығын (НДС) 20 пайызға дейін көтеріп, қаржы тапшылығын шешеміз деп жанталасып жатқанда, біз денсаулық сақтау саласындағы қомақты қаржыны үнемдеудің, орынды жұмсаудың, тиімділігін арттырудың ұтымды жолын ұсынуды жөн көрдік.

**Бірінші,** денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржының мөлшермен 65-70% дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға жұмсалады. Қаржыны көп талап ететін де осы сала. Қазіргі жүйе бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды шетелден сатып алу тек қана «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа қарасты «СК-Фармация» ЖШС арқылы жүргізіледі. Үкіметтің уәжіне сүйенсек, бұл орталықтандырылған сатып алуды, бағаның төмен, тұрақты болуын қамтамасыз ететін көрінеді. Алайда «СК-Фармация» ЖШС Қазақстанда дәрі-дәрмек, медициналық мақсаттағы бұйымдарды импорттауды толық монополиялап, ашық бәсекелестікке кедергі келтіріп отырғанын осы саланың төңірегінде жүргендердің бәрі біліп отыр. Монополия тек сырттан кіргізілетін дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдардың импорттталуын ғана емес, олардың түрлерін, әртүрлі баламаларын, соның ішінде қымбат тауарлардың сипаттамасы, құрамы ұқсас, бірақ бағасы арзан баламалы тауарларды қарастыру мүмкіндігін де монополиялап алған. Жапония елінде қаржы үнемдеудің ең үлкен жолы қымбат, бренд компанияларының өніміне балама болатын, бағасы төмен, бірақ сипаттамасы, құрамы ұқсас өнімдерді таңдайды. Ал Қазақстанда «СК-Фармация» ЖШС өздері таңдаған немесе бұрыннан келе жатқан мердігерлермен келісімшартты жалғастырады. Егер бұл сала ашық бәсекеге жол ашып, ондаған бәсекелес компаниялар жұмыс істесе, Жапониядағыдай әр компания халыққа, бюджетке, өздеріне де тиімді, арзан әрі сапалы медициналық бұйымдарды іздеп, бәсекеге дайындалады. Сондықтан Қазақстан Үкіметі «СК-Фармацияның» монополиясын бұзып, бұл саланы ашық бәсекеге жіберуі қажет. Сондай-ақ «СК-Фармация» ЖШС өзге жекеше компанияларға бәсекелес ретінде жұмысын жалғастыра береді. Сонда ғана Қазақстан фармакология саласында ашық бәсекелестік туып, дәрі-дәрмектердің альтернативасы көбейеді, бағасы арзандап, жалпы жұртқа қолжетімді болады. Мемлекеттік сатып алуға кететін қаржы үнемделеді, денсаулық сақтау саласына бөлінген миллиардтаған қаржы үнемделеді.

**Екінші,** медициналық аппараттар мен дәрілік заттардың Қазақстанда тіркеу тәртібін жеңілдету қажет. Еуропалық, халықаралық қауіпсіздік стандартынан өткен, сапалы сертификаты бар медициналық жабдықтарды, дәрілік заттарды халықаралық стандартқа сай лабораториясы болмаса да, қаншама құжат сұратып, тіркеудің уақытын жарты жылдан бірнеше жылға дейін созып, жұмысты қиындататын жүйені өзгерту қажет. Кез келген өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті компаниясы Қазақстан Республикасында өз өнімін ашық түрде тез тіркетіп алуына мүмкіндік жасау қажет. Ал әрі қарай ол өнімінің Қазақстанда сұранысқа ие болуын, тұтынушылардың қолдауына ие болуын нарық және бәсеке шешеді. Соңғы жылдары отандық өнімдерді қолдауға байланысты мемлекеттік сатып алуды пайдаланып қалғысы келген пысықайлар «Қазақстанда жасалған» деген жапсырма жапсырып, іс жүзінде жүз пайыз шетелдік қымбат аппараттарды конкурс тәртібімен сатып алу барысында тиімділікке ие болып, өзге елдердің параметрлері ұқсас, бірақ бағасы арзан аппараттарының бәсекеге түсуіне тежеу бола бастады. Қазақстанда жасалмаса да, Қазақстанда жасалған атақ алған өніммен Қазақстан экономикасына пайда келіп жатқан жоқ. Керісінше, ашық бәсеке болмағандықтан, бюджет қаржысының үнемделуіне кері әсерін тигізіп отыр. Сондықтан Қазақстанда жасалған өнімдерге ғана тиімділік беріп, «Қазақстанда жасалған» деген жалған атқа ие болған барлық медициналық аппаратқа тиімділікті алып тастау қажет. Сонда ғана мемлекеттік бюджетті үнемдеуге болады.

**Үшінші,** медициналық жабдықтардың қызмет көрсету мерзімін арттыру, сервис шығынын азайту үшін ауруханалардың медициналық аппараттарды сатып алуды жобалау, сатып алу, қабылдау, кепілдік немесе гарантиядан кейінгі сервис қызметін көрсету, медициналық жабдықтарды өнімді, дұрыс қолдану және утилизацияға дейінгі жұмыстардың тәртібін біртұтас бағдарлама ретінде белгілеп, бүкіл республика бойынша бір стандартқа сай жұмыс істеуді жолға қою қажет. Бір аурухана, бір емханада жоқ дегенде бір клиникалық инженер болуды міндеттейтін норма қабылдап, клиникада істейтін инженерлердің міндеттерін айқындап, олардың заңдық орнын тұрақтандыру қажет. Дәл осылай бірізді жұмыс істелсе, медициналық аппараттардың техникалық күтімінің сапасы жоғарылап, жұмыс істеу мерзімі артып, мезгілсіз істен шығуын немесе ақауға байланысты тоқтап қалуының алдын алуға болады.

**Төртінші,** медициналық аппараттар мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттырып, функционалды мүмкіндігін толық пайдаланып, қызмет көрсету мерзімін ұзарту үшін медициналық жабдықтарды дұрыс, қауіпсіз, толық мүмкіндіктерін қолдануды, медициналық шығынға кететін материалдарды дұрыс, үнемді, тиімді қолдануды оқытатын, сертификаттайтын талаптар енгізіп, ауруханада медициналық қызметкерлердің білігін арттыру курсын міндеттеу және іске асыру керек. Бұл жұмыстар медициналық аппараттарды толық функционалды қолдану көрсеткішін жоғарылатып, экономикалық тиімділігін арттырып, жұмыс істеу мерзімін ұзартып, медициналық шығынның үнеммен қолданылуына экономикалық жағынан үлкен тиімділік әкеледі.

**Бесінші,** медициналық жабдықтарға сервис қызметін көрсету бойынша жасалған бұйрық (ҚР ДСМ №273/2020) саладағы проблемаларды шешуге қауқарсыз. Бұйрықтағы кейбір медициналық өндіріс компанияларының сертификатын талап ету шарттарын өзгертіп, медициналық аппараттардың атауы және функциясы сәйкес келетін сертификаты бар инженерлерге сервис қызметін көрсетуге мүмкіндік беру қажет. Үшінші, төртінші, бесінші пункттерді толық шешуге мүмкіндік беретін «Клиникалық инженерия бағдарламасы» ғылыми нұсқаулығында бұларды шешу жайлы егжей-тегжейлі жазылған. Еліміздегі 1200-ге тарта үлкенді-кішілі медициналық мекемелер жыл сайын жүз миллиондаған теңгені метрологиялық тексеруге жұмсайды. Метрологиялық тексеруді қажет етпейтін, Қазақстанда оны метрологиялық тексеруден өткізе алатын аппарат-жабдықтары жоқ болса да, тек сертификат үшін ғана келісімшарттар жасалып, мемлекет қаржысын текке жұмсайтын, метрологиялық тексерудің орнына калибровканы ғана қажет ететін импортталған медициналық аппараттар аз емес. Сондықтан Қазақстан стандарттау және метрология институты тізімін қайта қарап, халықаралық стандартқа сай келмейтін, метрологиялық сертификаттау үшін қажеттілік жоқ медициналық жабдықтарды тізімнен алып тастау қажет.

**Алтыншы,** республикалық, облыстық (қалалық), аудандық және ауылдық (округтік) медициналық мекемелердің ең төменгі техникалық жабдықталу стандартын қайта қарап, медициналық мекемелердің республикалық, облыстық, аудандық статусына ғана емес, олар қызмет көрсететін халықтың санына, көрсете алатын медициналық қызмет түрлеріне, қолдана алатын мамандарына байланысты икемді және жұмыс істейтін стандарт жасау қажет. Халқы аз жерде қажет емес немесе сирек қолданатын, қолданылмай тұратын медициналық жабдықтарды алмау, тек қана ең төменгі шектік стандарттан өту үшін қажетсіз медициналық жабдықтарға қаржы шығындамау керек. Сонда ғана мыңдаған медициналық мекемелерде қолданылмай, мыңдаған медициналық аппараттар шаң басып қоймада бекер тұрмайды.

**Жетінші,** медициналық мекемелерге (жекеменшік болсын, мемлекеттік болсын) медициналық аппараттар және медициналық расходтар, дәрі-дәрмектер жеткізетін, сервис қызметін көрсететін компанияларға салық жеңілдігін жасап, бөлек тарифтер жасауды қарастыру қажет. Мемлекет жыл сайын миллиардтаған қаржы бөле отырып, оның белгілі бір қомақты бөлігін салық ретінде қайтарып алуы – медициналық саланың өсіп-өнуіне, дамуына үлкен кедергі. Дамыған елдерден үлгі алсақ, Жапония, Германия, Солтүстік Еуропа елдерінде медициналық мекемелер мен оқу-ағарту мекемелеріне салық жеңілдігі, бөлек тариф қарастырылған. Бұл өз кезегінде денсаулық сақтау саласының шығынын азайтып, оған бөлінген қаржының тиімді жұмсалуына, шығынның азаюына әкеледі.

Қорытып айтқанда, денсаулық сақтау саласына бөлінген триллиондарды тиімді қолдану, үнемдеу және діттеген жеріне жету үшін республикалық бюджетте тапшылық болып жатқанда, осы салаға бөлінген қаржының құмға сіңген судай, желге ұшқан құмдай шашылмауы үшін біздің ұсыныстарымыздың үлкен пайдасы тиеді деп ойлаймыз.

**Серік МҰРАТХАНҰЛЫ**






# ВИРТУАЛДЫ ӨМІР: МҮМКІНДІК ПЕН ҚАУІП

Бүгінгі таңда Астана жастары шынайы және виртуалды кеңістіктің тоғысында өмір сүруде. Цифрлық технологиялардың дамуы мен интернеттің кеңінен қолжетімділігі жастардың күнделікті өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Әлеуметтік желілер, онлайн білім беру платформалары, ойындар және киберспорт сияқты виртуалды әлемнің элементтері жастардың тұлғалық қалыптасуына, қарым-қатынасына және болашаққа деген көзқарасына әсерін тигізіп жатыр. Дегенмен бұл құбылыстың артықшылығымен қатар қауіпті белгілері де бар.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы дерегіне сәйкес, елімізде 100 мыңнан астам жастар онлайн курстарды аяқтаған. Әсіресе Астана қаласы – білім беру саласында цифрлық трансформацияның көшбасшысы. 2024 жылы елордада өткен «Digital Kazakhstan: заманауи білім беру» тақырыбындағы тамыз форумы оқу үдерісін цифрландыру және жасанды интеллектті білім беру процесіне енгізу мәселелеріне арналды. Форум аясында жасанды интеллектті қолдана отырып жасалған цифрлық өнімдердің көрмесі ұйымдастырылған еді. Сонымен қатар Астана қаласының педагогтары үшін «Digital Kazakhstan: жаңа жағдайдағы цифрлық білім» атты қалалық тамыз форумы өтті. Бұл шарада ақпараттық-білім беру платформалары, мұғалімдердің цифрлық сауатын арттыру және цифрлық әлемдегі бала мен қоғамның өзара әрекеті сияқты тақырыптар талқыланды.

Әлеуметтік желілер елорда жастарының өзін-өзі таныту және шығармашылығын көрсету алаңына айналды. TikTok, Instagram, YouTube сияқты платформаларда елордалық контент жасаушылардың саны күн санап артып келеді. Олар өз өнерін көрсетіп, миллиондаған көрермен жинап, жарнама арқылы тұрақты табыс тауып жатыр. Дегенмен әлеуметтік желілердің белсенді қолданылуы кейбір мәселелерді туындатып, шешімін шиеленістіріп жіберді.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының зерттеуіне сәйкес, Қазақстанда жас интернет қолданушылардың кибербуллингке бейімділігі кейінгі 4 жылда 1 пайызға өскен. Бұл көрсеткіш Астана жастары арасында өзекті болып отыр.

Кибербуллинг – цифрлық технологияларды пайдалана отырып қорқыту және қинау әрекеті. Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу қосымшаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін. Қазақстанда жасөспірімдердің 17 пайызы буллинг құрбаны болғаны анықталды. Бұл мәселе бас қалада да өзекті болып, жастардың психологиялық денсаулығына кері әсерін беріп жатыр. Онлайн ойындар жастардың танымдық қабілетін дамытуға көмектескенмен, олар көп жағдайда уақытты тиімді пайдалануға кедергі келтіреді.

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметіне сәйкес, Қазақстандық жастардың 85 пайызы күніне кем дегенде 4 сағатты әлеуметтік желілерде өткізеді. Жасөспірімдердің шамамен 30 пайызы күніне 5-6 сағат уақытын ойындарға арнайды. Бұл олардың оқу үлгеріміне және денсаулығына кері әсерін беретіні сөзсіз.

Биыл Астана қаласында Ұлттық жасанды интеллект орталығының іске қосылуы – басты жоспарлардың бірі. Ол жасанды интеллект саласындағы зерттеулердің негізгі хабы болмақ. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді цифрландыруға елеулі үлес қосады. Мысалы, виртуалды ассистенттер арқылы азаматтар анықтамалар мен кеңестерді тікелей ала алады.

Астана жастары үшін виртуалды өмір шексіз мүмкіндіктер ұсынғанмен, оны тиімді және саналы түрде пайдалану маңызды. Цифрлық сауатты арттыру, кибербуллингтің алдын алу және интернетке тәуелділікті болдырмау бағытында кешенді шаралар қабылдау қажет. Сонда ғана виртуалды кеңістік жастардың дамуына оң ықпал етіп, олардың болашағын жарқын ете алады.

**Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ**

Шапағат
ӘБДІР



# ШАҒАТАЙ ТІЛІ: ІЗІ ҚАЙДА?

Әлемде қанша халық болса, сонша тіл бар және олардың өзіне тән күрделі тағдырлары мен неше түрлі кезеңдерден тұратын тарихының болуы да заңды.
Өйткені тіл – халықтың мәдениетін, тарихын, дүниетанымын, әлеуметтік және жеке өмірін сақтаушы, қалыптастырушы элемент. Біздің қаузамақ болып отырған тақырыбымыз – бір дәуірдің жүрегін соқтырып, халық пен халықтың арасындағы мәдениет пен әдебиетті тұтастырған алтын жіптей болып, бүгінгі заманға жетпей үзіліп қалған шағатай тілі туралы болмақ.

### КӨНЕ ТІЛДЕРДІҢ БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Тарих барысында көміліп қалған көне тілдер аз емес. Ұлт тіліне айналмай ұмыт болған шағатай тілімен ұқсас және оған дейін қолданылған ескі түркі тіліне жататын VIII ғасырда Орхон ескерткіштерінде кездесетін орхон тілі болған, ол Түркі қағанатының ресми тілі болып, қазіргі Түркия мен Қазақстанның кейбір бөліктерінде қолданылған. Оның шағатай тілінен айырмашылығы – көне дәуірдің жазба тілі болғандығында. Ал Қыпшақ тілі XIV-XV ғасырларда Қазақстан, Ресей, Қырым, Украина аумақтарында қолданылып, түркі халықтарының арасында ортақ байланыс тілі болды. Оның шағатай тілінен айырмашылығы – араб, парсы тілдерінің әсеріне ұшырамағандығында. Осыған ұқсас, қараханид тілі болса, оның шағатай тілімен көп ұқсастықтары болды. Екеуі де – түркі тілдерінің бір тармағына жатады және араб-парсы мәдениетінің ықпалында болған тілдер. Міне, осылай тізе берсек, тілдердің тарихы мен тамыры, бір-бірімен тұтасып кете береді. Ал енді нақты шағатай тілі қай дәуірде қолданылды деген сұраққа жауап іздеп көрелік.

### ШАҒАТАЙ ТІЛІ ШАРТТЫ АТАУ МА?

Журналист, тарих ғылымдарының магистрі Ерлан Мазан бұл кітаби тіл деп аталғанмен, ғылымда көбінесе шағатай тілі деген терминмен белгілі екенін айтады.

– Шағатай тілі – шартты атау, ол Шығыс Түркістан, Жетісу және Мәуереннаһр өлкелерін билеген Шағатай хандығында ресми тіл есебінде қолданылғандығы үшін осылай аталып кеткен. Алайда бұдан шағатай тілінің қолданыс аясы айтылған өлкелермен ғана шектелген деген ұғым шықпауға тиіс. Фонетикалық, грамматикалық және лексикологиялық тұрғыдан ежелгі қарлұқ тілдерінің, соның ішінде кейінгі ұйғыр, өзбек халықтарының тіліне жақын диалектілердің әсеріне ұшырауымен және араб, парсы тілдерінен көптеген сөз бен сөз тіркесін және сөзжасам, бейнелеу тәсілдерін қабылдағанымен ерекшеленді. Шағатай әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына Орталық Азия кеңістігіндегі түркітілдес халықтардың өкілдері тең атсалысты. Әсіресе, 17-ғасырдан кейін жазу нұсқасы түркі тілдерінің табиғатына тіпті жақындап, араб, парсы сөздерінің топаны біртіндеп азайып, жергілікті тілдік ерекшеліктермен байытыла түсті. Мысалы, қазақтан шыққан жылнамашы ғалым Қадырғали Жалайирдің «Жами ат-тауарих» атты шежірелік еңбегінде ескі қазақ тілі деп атауға тұрарлық тілдік белгілер бірден көзге түседі. Сондай-ақ қазақтың хан-сұлтандары мен би-батырларының ойда орыс, қырда қытаймен алысқан хаттары түркілік немесе шағатайша ресми іс қағаздардың стилін емін-еркін пайдалана отырып, қазақ тіліне тән орфографиялық, стильдік белгілерімен оқшауланып тұрды. Басқаша айтқанда, осы кезеңде шағатай тілі деп аталған әдеби-жазба тіл Орталық Азиядағы түркі халықтарына ортақ тілдік нұсқаны сақтай отырып, халықтық сипат ала бастады. Ол қазақ ортасында кітаби тіл деген атаумен мәшһүр болды, бірақ оны таза шағатайша дегеннен гөрі шағатай тілінің ескі қазақ нұсқасы, немесе шағатай қазақ тілі деген дұрыс болар еді, – дейді Е.Мазан.

Бұл пікірді тарихшы, этнограф Жамбыл Артықбаев та растайды.

– Шағатай тілі – шартты атау. Алайда менің түсінігімде шағатай тілі Қарахан дәуірінде қалыптасты әрі оның негізін салған – қарлұқ тілі. Солар бұл тілді өз мемлекетінде қолданған. Содан 20-ғасырдың басына дейін шағатай тілі жазба тіл, яғни әдеби тіл есебінде түркі халықтары қоныстанған жерлерде ортақ жазба тіл қызметін атқарып келді. Тіпті ол тілді Алаш Орда қайраткерлері де алғашқы кезеңдерде қолданды. Алайда бертін келе 20-ғасырдың басында түркі халықтарының әрқайсысының өз әдеби тілдері қалыптаса бастады. Соған байланысты шағатай тілі өз дәуірін аяқтады. Бүгінгі таңда оған ең жақын тіл деп өзбек тілін айтуға болады. Түркімен тілінің де жазба нұсқасы сол тілге бейім, – дейді Ж.Артықбаев.

### АУЫЗЕКІ ЕМЕС, ЖАЗБА ТІЛ

Ал филология ғылымдарының кандидаты, профессор, лингвист, доцент Алмасбек Белботаев шағатай тілін ең әуелі әдеби тіл ретінде және өзінен бұрынғы көне орхон-енисей, ұйғыр жазба ескерткіштері тілінен араб-парсы әдеби дәстүрінің ықпалымен қалыптасқан жазба ескерткішінің тілі ретінде танығанымыз жөн екенін айтады.

– Бұл – араб әліпбиі негізінде құралған XIV-XVI ғғ. жазба ескерткішінің тілі. Бұл тілдегі мұраларға әр алуан орта ғасыр ескерткіштері жатады.

Ал тарихқа зер салсақ, араб жазуының түркі тілдеріне әсер етіп, қолданылуы XI ғасырдан-ақ басталатыны белгілі. Мұндай түркі тілдес ескерткіштердің бізге мағұлым болған тұңғыш нұсқасының бірі – «Құтадғу біліг» (1069 жыл) дастаны мен Махмуд Қашғаридың «Диуан лұғат ат-түрік» деген түркі тілдері саласындағы арабша жазылған тарихи-салыстырмалы сөздік-зерттеуі.

XII-XIV ғасырларда араб әліпбимен түркі тілінде жазылған ескерткіштеріне Ахмед Йүгінекидің «Хибат ул-хақаиқ» («Ақиқаттар тұжырымдары»), «Қисас ул-анбия» («Әулие-әнбиелер қиссасы») т.б. туындыларды жатқызуға болады. Мейлі не десек те, көне түркі тілі, оның бір тамыры саналатын көне ұйғыр тілі бір-біріне ұласып тұр.

Сондықтан да бұл тұрғыда зерттеушілердің бірі «Шағатай тілі» дегеніміз – Шыңғысханның екінші ұлы, Шағатайдың ұлысына енген Орта Азия, Жетісу және Шығыс Түркістан жерінде кең тараған жазба әдеби түркі тілінің тұспалды атауы ретінде кеңінен танылды десе, енді бірі Түркітану әдебиетінде «шағатай тілі» деген термин Ақсақ Темір мирасқорлары заманында өз дамуының классикалық түріне жеткен XIV-XVI ғасырдағы орта азиялық әдеби «түркі тілі» деген атауға ие болды дейді. Яғни бұрынғы кезеңде Жетісу, Орта Азия аумағында тілімізге енген көне ұйғыр тілі, қарлұқ, қыпшақ, оғыз тілдеріндегі кейбір элементтерді қамтитын түркі жазба тілі кейін «Шағатай тілі» аталып кетті.

> Шағатай тілінің қалыптасуы жайлы ғылыми-зерттеулерде пікірлер, тұжырымдар сан алуан. Зерттеушілердің бір пікірі шағатай тілі Қарлұқтар хандығы (766-940 жж.) орнына келген Қарахан мемлекетінде (940-1210 жж.) қалыптасқан қарлұқ тілінің моңғол шапқыншылығынан (1220 ж.) кейінгі жалғасы дегенге саяды

В.В.Радлов, А.Н.Самойлович, А.К.Боровков, А.М.Щербак сияқты зерттеушілер «шағатай» тілінде көне ұйғыр тілінің толып жатқан элементтерін, әдеби тіл нормаларының белгілі бір жасандылығын және қатып қалған қағидалық сипатын көрсеткен. Алайда өзбек пен қазіргі ұйғыр сияқты өте жақын туыс тілдер үшін XIV-XVI ғасырдағы біртұтас әдеби, жазба тіл дәстүрінен айырылу тіпті қиын. Бұған қоса, «шағатай» тілінде қазақ тілінің де өзіндік элементтері жоқ емес. Мысалы, Әлішер Науаи «Хамса» («Бес дастан кітап») деген шығармасын 1484 жылы «түркіше» жазар алдында өзінен ілгерірек аттас шығармаларды «фарсы» тілінде жазған ұлы ақындарға медеу қылып мынадай тілек білдіреді:

«Мен ки талап йолыда қойдум кәдәм, Бар-дур умидим ки чу түгсам қалам, Йолдаса бу йолда Низами йолүм, Қолдаса Хусрау білә Жами қолүм».

Бұл мысалда қолдаса мен йолдаса сөздері есім сөзден етістік тудырушы -да жұрнағымен қолданылған қазақтың қолдаса, жолдаса сөздері сияқты, бірақ қазіргі ұйғыр мен өзбектің қолласа, йолласа (құлласа, йуллаcа) түрлеріндей емес.

Демек, шағатай тілі түркі тілдес өзбек, ұйғыр, түрікмен, қазақ пен қарақалпақ халықтарының жазба әдеби тілінің қалыптасуына мейлінше зор әсерін тигізді. XIV-XVI ғасырдағы орта түркі тілінің негізгі дәстүрлері мен атауын сақтап тұрғанына қарамастан, XVII-XIX ғасырдағы ұйғырдың классик, әдеби тілі мен ескі өзбек әдеби тілінде, ескі түрікмен, ескі қазақ және ескі қарақалпақ жазба әдеби тілдерінде халықтық сөйлеу тілдерінің ықпалы барған сайын айқындалып, күшейе берді, – дейді А.Белботаев.

### ДІНГЕ ҚАТЫСЫ ҚАНДАЙ?

> Тарихқа зер салсақ, араб жазуының түркі тілдеріне әсер етіп, қолданылуы XI ғасырдан-ақ басталатыны белгілі. Мұндай түркі тілдес ескерткіштердің бізге мағұлым болған тұңғыш нұсқасының бірі – «Құтадғу біліг» (1069 жыл) дастаны мен Махмуд Қашғаридың «Диуан лұғат ат-түрік» деген түркі тілдері саласындағы арабша жазылған тарихи-салыстырмалы сөздік-зерттеуі

С.Мұқанов, «Өмір мектебі» кітабында «Шағатай тілін түркітанушылар Орта Азия түркі әдеби тілі деп те атаған (ҚҮЭ). Олар діни кітапты шағатай және татар тілінде таратты» деген дерек келтіреді.

Осы дерек негізінде қазақ даласына келген ғалымдар мен ғұламалар исламды шағатай тілі арқылы насихаттады ма деген сұраққа исламтанушы, «Діндерді зерттеу орталығының» теологы Әділхан Жақсыбек былай жауап берді.

– Шағатай тілінің қалыптасуы жайлы ғылыми-зерттеулерде пікірлер, тұжырымдар сан алуан. Зерттеушілердің бір пікірі шағатай тілі Қарлұқтар хандығы (766-940 жж.) орнына келген Қарахан мемлекетінде (940-1210 жж.) қалыптасқан қарлұқ тілінің моңғол шапқыншылығынан (1220 ж.) кейінгі жалғасы дегенге саяды. Яғни, Қарахан мемлекетіндегі түркі тайпалары (қарлұқ, яғма, түргеш, ұйғыр, қыпшақ т.т.) парсы тілді халықтармен бір мәдени кеңістікте өмір сүріп, Саманидтер мемлекетіндегі парсы әдеби тілімен ықпалдасып, өз бетінше даму арнасына түсіп, осы тілді қолданысқа енгізген.

Екінші пікір, бұл тіл бір кездері Әмудария өзенінің жоғарғы ағысындағы жерлерде мекен еткен Шығыс Иран тайпаларының тілі болған. «Арабтар бұл тайпаны Хуразм деп, ал олардың тілін хорезм тілі деп атады» дейді.

Яғни, Хорезмге X-XI ғғ. Орта Азияны мекен еткен қыпшақ, печенек, оғыз сияқты түркі тайпаларының орнығып, тәжіктер мен соғдылықтардың бір мәдени кеңістікте өзара тығыз қарым-қатынаста болуы және өңірде XI-XII ғғ. этникалық және саяси тұрғыда түркілену процесі жүруі нәтижесінде түркі тілінің шығыстық (Г.Рамстед) немесе ортаазиялық (В.В.Радлов) диалектісі – қарлұқ-ұйғыр және қарлұқ-хорезм тілі орнығады. Хорезм жазба ескерткіштеріне қарлұқ-ұйғыр тіліндегі «Һибат әл-Хақāи'қ», қарлұқ-хорезм тіліне Қожа Ахмет Ясауидің «Диуан-хикметі», Сүлеймен Бақырғанидің (1192 ж.қ.) «Хәкім ата кітабы» әдебиеттері жатады. Ал шағатай тілі – сол Хорезмдегі қалыптасқан әдеби тілдің XIV ғ. кейінгі жалғасы.

Оның қазақ даласына діннің таралуына ықпал етуіне келсек, шағатай тіліндегі «нәсір» үлгісіндегі алғашқы жазылған діни шығармалар ішінде шамамен XII ғ. аяғында жазылған авторы беймәлім Құран Тафсирі аталады. Оны А.К.Боровков жан-жақты қарастырып, мәтіндік талдау жасап, сөздігін құрап, тілдік бірліктерін зерттеген болатын. Сондықтан шағатай тіліндегі діни әдебиеттер әлі де болса тек тілдік тұрғыдан ғана емес, этнографиялық, деректанулық, функционалдық тұрғысынан да зерттеуді және тың теориялық, методологиялық ізденістерді қажет етеді. Түркілік рух пен мұсылмандық құндылықтардың өзара сабақтасып, түркі-мұсылмандық дүниетанымын қалыптастырған бұл шығармалар қатары әлі де кешенді зерттеулерге зәру, – деп тұжырымдайды теолог.

### АРНАЙЫ ПӘННІҢ ІШІНДЕ ОҚЫТЫЛАДЫ

Жалпы әдебиет пен қазақ тарихын білу үшін шағатай тілін білу маңызды. Түркияда арнайы бір жыл бойы гуманитарлық мамандықтар үшін шағатай тілін оқытады. Ал олардың шағатай тіліне қатысы жоқ. Сонда тікелей қатысы бар біздің мемлекетте неге шағатай тілін қайта жаңғыртып, оқытуды қолға алмаймыз?

– Шағатай тілі – белгілі бір ұлттың тілі емес. Ол Орта Азиядағы түркі халықтарына ортақ, араб-парсы әліпбиіне негізделіп жасалған жазба тіл деп атасақ болады. Сондықтан сол замандағы тарихи, әдеби жәдігерлердің көбі осы шағатай тілінде жазылды. Бұған атау берген де – еуропалық ғалымдар. Ал қазіргі таңда бізде арнайы көне қазақтың әдеби тілін оқытатын пән бар. Соның ішінде осы шағатай тілін де бір шолып өтеді. Әрине, онда тереңдетіп оқытпайды, оған маман тапшылығы деген сияқты себептер бар. Сондықтан алдағы уақытта бұл пәнді тереңдетіп оқытса, жас ұрпақтың тарихымызды, әдебиетімізді, мәдениетімізді тереңірек түсінуіне зор ықпалы болар еді деп ойлаймын, – дейді Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазин.

**P.S:** ***Міне, қарап тұрсаңыз, бір дәуірдің жүрегін соқтырып, түркі халықтарын бір ортақтыққа, бір-бірімен тұтастырып, Орталық Азияның медициналық білімін дамытуға, әдеби шығармаларын жазуға кеңінен қолданылған шағатай тілі бүгінде архивтерден ғана табылатын жазба тіл есебінде сақтаулы. Мүмкін алдағы уақытта ұлы Тұран одағы құрылып жатса, мың жылдар бойы ұйықтап жатқан жанартаудай шағатай тілінің де тамырына қайта қан жүгіретін күні алыс емес.***

# КӨПШІЛ АЗАМАТ

Ғылымда жеке бастың қалыптасуына туған жері, өскен өлкесі, оның ерекшелігі, сол өңірде қалыптасқан тарихи тұлғалар, қоғамдық сананың әсер ететіні анық. 75 жастың биігіне көтерілген Бекмағамбет Көпболсын Әбдікешұлына оның азамат болып қалыптасуына туған жерінің, өскен ортасының, ұлы бабаларының ықпалы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Осыған байланысты біраз жайға шолу жасай кетсек.




Қазақ елінің байтақ жерінде, киелі топырақта ұрпағына өңірдің тарихы, ұлы адамдарының өнері, өмірі арқылы да тәрбие беріп, үлгі көрсетер мүмкіндігі көп.

Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданы – қасиетті ұлы бабалардың мекені, ертеден әйгілі дәстүр-салтымен ерекшеленген қасиетті өңір. Бүгінгі Сарытеректе теңселіп өсіп тұрған күміс теректер, Ақтоғайда жайқалып тұрған аққайыңдар кезінде осы өңірдің қамын жеген, халыққа үлгі көрсеткен полковник Сұлтанғазының тұқымнан өсірген талдарынан бастау алған. Сол бір ойлы азаматтардың бастамасы бүгінге дейін жалғасып келеді. Қарашоқы тауынан бастау алған Тоқырауын өзені – осыншама малға да, жанға да, орман-тоғайға да нәр берген тіршілік бастауы. Қасиетті жердің ерекшелігінің бәрі дерлік өңір жастарына ықпал ететіні анық. Сондай тұлғаның бірі – Көпболсын Әбдікешұлы.

Көпболсынның әкесі Әбдікеш – заманында беделді азамат, ақсақал бола білген, тарихқа жүйрік, сөзге шешен, ел сүйіктісі болған адам. Ол совхоздың бас бухгалтері, бас экономисі, партия ұйымының хатшысы ретінде елдің бас көтерген тұлғасы болып танылған.

«Төрдегі бесікті көрсе төре де басын иеді» деген әңгіме бар. Сол айтпақшы, бұл отау төрінен бесік арылмаған жанұя болды. Әбдікеш ақсақал өзі жалғыз болғанмен, әйелі Күлнар оған 6 ұл, 4 қыз – 10 баланы өмірге әкеліп, жапырағын жайды. Жақсы тілекпен ұлдарының үлкеніне Көпболсын деп ат берген екен, сол армандары қабыл болды. Әке-шешесі балалардың барлығына дерлік ұлттық дәстүрді сыйлап, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстаған ұрпақ болуына күш салды. Бір отбасында үш ағайынды полковниктердің – Көпболсынның, Қуаттың, Болаттың тәрбиеленіп шығуы – соның айғағы. Әке мен анадан көрген тәрбиесін өмір бойы ту етіп биік ұстаған ұрпақ елдің сыйлы азаматтарына айналды.

Көпболсынның курстасы және өмірлік сыңары марқұм Бақытты Ғұбайдоллақызы екеуі үш баладан 8 немеренің ата-әжесі атанды.

Қазақ үйінде қариясы мен баласы бар отбасын бақытты санайды. Бабалардың: «әйелдің бір бақыты сол емес пе, қасында ақ некелі жары болса, етегінен өнген бала болса» деп бекер айтпаған. Перзент сүйіп, балалы болу өмірдің негізгі мәні, адамның басты міндеті екенін жастардың жадына сіңіре беру қажет-ақ.

Көбекең бос уақытында қолына қалам алып, шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Өлеңдері мен мақалалары аудандық, облыстық, қалалық, республикалық басылымдарда жарық көрген. «Өсер елдің баласы...», «Отты жылдар әзілдері мен аңыздары», «Отты жыр, орамды әзіл», «Бата дарып, бақ қонсын» және «Перзентімін Тоқырауын, Ақтоғайдың» кітаптарының авторы. Бір жыр кітабы сәтті сағатын күтіп баспада жатыр.

Ақындық, сөз өнеріне әуестік сізге қалай және қай жағынан қонды деп Көпболсыннан сұрай қалсаңыз, ол: «Менің туыстарымның ішінде ақын көп емес. Әр қазақ баласының қара сөзден өлеңге жақын тұратыны әлімсақтан бері белгілі. Қазақ баласына өлең тән» деп жауап береді. Көпболсын да бабалардан қалған, әсіресе өз атасы Әбеудің Бекмағамбеті және нағашы атасы Әменнің Құтжанынан жұғысты болған ақындық өнер бар.

Оның өмір жолы халыққа қызмет жасаудың жолы болды. Жезқазған облысының ішкі істер органдарында түрлі басшылық қызмет атқарып, Астана қаласында Тілдерді дамыту басқармасында заңгер, одан кейін Республикалық ардагерлер ұйымында ұйым басшысының орынбасары болып жұмыс істеп келеді.

Ел алдындағы еңбегі жоғары бағаланып, орден-медальдармен марапатталды. КСРО Ішкі істер министрлігінің және БЛКЖО Орталық Комитетінің арнайы төсбелгілерінің иегері, Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының «Құрмет кітабына» жазылған, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Құрметті ардагері» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Парасат» орденімен, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталған.

Көпболсын – екі тілде (қазақ, орыс) еркін сөйлейтін, көсіліп жазатын сауатты азамат. Өлеңді де осы екі тілде бірдей жазады. Тағы бір ерекшелігі – өлең құрауда ассонанс және аллитерация формасын жиі қолдануында.

Бірге оқыған достарын ұмытпайды. Марқұм болып кеткен жолдастарының отбасын қамқорлап отыруы – оның

> Көбекең бос уақытында қолына қалам алып, шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Өлеңдері мен мақалалары аудандық, облыстық, қалалық, республикалық басылымдарда жарық көрген. «Өсер елдің баласы...», «Отты жылдар әзілдері мен аңыздары», «Отты жыр, орамды әзіл», «Бата дарып, бақ қонсын» және «Перзентімін Тоқырауын, Ақтоғайдың» кітаптарының авторы

дағдысы. Кісіден көрген иненің жасуындай жақсылығы болса, сол жақсылықты тігісін жатқыза айтып, адамның мерейін үстем ету мүмкіндігін де жібермейді.

Өзімен бір курста оқыған Бақытты есімді қызға үйленіп, шын бақытты болған азамат. Екеуі ел алдында үйлесімді қатар жүрді. Еліміздің жақсы жерлерін, демалыс аймақтарын бірге аралады, дем алып, серуендеді. Ақтау қаласындағы «Шағала» шипажайында екеуі бірге демалған кездері есімде қалыпты. Жаздың жаймашуақ күнінде қос аққудай жарасқан ақ киімді екеуі қол ұстасып, теңіз жағалап, қатар жүріп бара жатқан еді.

Адамдармен ортақ тіл табуы – үлгі аларлық жағдай. Біреудің көңілін қалдыратын кемшілікке ұрынбай, кез келген адамның жақсы жағын көріп, демеп отыратын қасиеті көп азаматқа үлгі болары анық.

Күлнар, Бақытты есімді аналар – Көпболсын үшін ең қымбат жандар. Өзінің анасы және жары. Бұл екі ана біреуі Балқаш қаласында, екіншісі Астана қаласында бір күнде аралары жарты сағаттай уақытта бақилыққа аттанғандар. Қимас келінінің бақилық хабарын естігенде енесі де тіршілігін тоқтатқан екен. Бұл азаматқа қиын жағдай еді. «Халқымызда ауырды нар көтереді, қайғыны ер көтереді» деген әңгіме бар. Көпболсын осы ауыр қайғыны ерлерше көтерді.

*Сан қызықта бірлесе*
*сайрандаған,*
*Жаздар өтті жадырап*
*жайраңдаған.*
*Бір-ақ сәтте тоқтатқан*
*екі өмірді,*
*Құдіреті Құдайдың*
*қайран маған.*

*Асыл жандар, жалғаннан*
*дамылдасын,*
*Жұмақ төрі өздерін*
*қабылдасын.*
*Ұрпақтары үздірмей*
*дұғаларын,*
*Мейір-нұрға толтырар*
*қабір басын...*

Елдің белгілі азаматы Көпболсын Әбдікешұлы Бекмағанбет 75 жастың биігіне көтерілді. Халқына қадірлі, еліне елеулі азаматқа алда да талай биіктер бар, алға тарта беріңіз деген тілектестігімізді білдіреміз.

**Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,**
**«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор**

№23 өрт сөндіру бекетінде елорда мектептерінің 8-9-сынып оқушылары үшін ашық есік күні өтті. Оқушылар арнайы техниканың кабинасы мен мұнараны аралап, өрт сөндіру құралдарын сынап көрді.

# ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІНЕ БАРДЫ

Елордадағы №23 өрт сөндіру бекеті – Астанаға ғана емес, бүкіл елімізге үлгі. Мұнда №74, 98 елордалық мектептердің оқушылары арнайы келіп, өрт сөндірушілердің жұмысын өз көзімен көрді. Сол сияқты оларға алғашқы медициналық көмек туралы дәріс оқылды. Осыдан кейін мектеп оқушылары құтқарушылардың киімдерін киіп көрді.

«Мен үшін ең қызықтысы – өрт дабылы берілген кездегі көрсетілім. Өрт сөндірушілер бірнеше минуттың ішінде шақыртуға толық дайын болды. Бұл жаттығу дабылы болып шықты, бірақ бәрі өте шынайы өтті. Шынайы өрт сөндіру машинасының салонында отырып, оның заманауи құрал-жабдықтарын тамашалап, арнайы мұнарада 2,5 метр биікке көтерілу де қызық. Бала кезімде өрт сөндіруші болуды армандайтынмын, енді осы экскурсиядан кейін сол арманыма қанат біткендей болды. Бұл – қауіпті, қиын, бірақ ең жақсы мамандықтың бірі» деп өз әсерімен бөлісті №98 орта мектептің 8-сынып оқушысы Әмірлан Шаңғар.

Сарайшық ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Бақыт Қожакеевтің айтуынша, мұндай іс-шаралар елордалық өрт сөндіру бөлімшелері үшін игі дәстүрге айналып келеді. Осындай экскурсиялардан кейін мектеп түлектерінің құтқарушы мамандығына қызығушылығы артады.



# ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

«Заң және тәртіп» іс-шарасын жүзеге асыру аясында және пробация есебіне алынғандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қарқынды жұмыс жүргізілуде.

Осы мақсатта Астана қаласының прокуратурасы елордадағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу, қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің, оның аумақтық пробация қызметінің және аудан прокуратураларының қатысуымен ведомствоаралық кеңес өткізді.

Кездесу барысында сотталғандар қайта жасайтын қылмыстардың алдын алу, жолын кесу, анықтау және есепке алу мәселелері талқыланды. Қоғамға қайта әлеуметтену мен реинтеграцияның негізгі құралы ретінде есепке алынғандар арасында қылмыстың алдын алу бойынша жұмысты күшейтуге ерекше көңіл бөлінді.

– Есепке алынған тұлғалар арасындағы қайталанатын қылмысты азайту үшін уәкілетті органдар арасындағы алдын алу, қатаң бақылау және ведомствоаралық өзара іс-қимыл жүргізуден бөлек, кешенді тәсілдер қажет. Тек жүйелі тәсілдер ғана қайталанатын құқық бұзушылықтарды азайтады және пробацияның тиімділігін арттырады, – деді Астана қаласы прокурорының орынбасары Дінмұхаммед Шүйкебаев.

# 3 МЫҢНАН АСТАМ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Астана қаласының Полиция департаменті жол-көлік оқиғаларын азайту, жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзудың алдын алу және анықтау мақсатында қала аумағында «Қауіпсіз жол» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Нәтижесінде көлік құралын мас күйінде жүргізген, басып озу, қарсы бағытқа шығып кету, маневр жасау, жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы жүру, жолаушылар мен ауыр жүктерді тасымалдау, автобус жүргізушілерін алдын ала медициналық тексеруден өткізу, көлік құралын мас күйінде жүргізген жүргізушілерді анықтау, қауіпсіздік белдігін тағу ережелерін өрескел бұзуды анықтау жұмысы күшейді.

«Жедел шара барысында 3336 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, оның



ішінде: қоғамдық орындарда орынсыз әрекетке барғаны үшін 58 такси жүргізушісі, Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзғаны үшін 113 шетел азаматы, белгіленген тәртіпте тіркелмеген көлік құралын жүргізгені үшін 47 жүргізуші, жалған мемлекеттік тіркеу нөмірі бар көлік құралын жүргізгені үшін 1 жүргізуші әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Көлік құралын жүргізу кезінде телефон немесе радиостанцияны пайдаланғаны үшін 183 жүргізуші анықталды, жолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өткен 591 жаяу жүргінші әкімшілік жауапкершілікке тартылды» деп мәлімдеді елорданың Жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Әділбеков.

## ДҮЙСЕНБІ
### 3 НАУРЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
